


ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
**ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ  
ПЕН  
АТЕИЗМ**



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГ  
ҚОРИНЫҢ ӨКІЛДІГІ  
«СТРАТЕГИЯ» ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖӘНЕ САЯСИ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ»  
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРИ



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
**ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ**  
**ПЕН**  
**АТЕИЗМ**

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГ  
ҚОРИНЫҢ ӨКІЛДІГІ  
«СТРАТЕГИЯ» ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖӘНЕ СЯСИ ЗЕРТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ»  
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРИ

**АЛМАТЫ, 2023**

**УДК 211 (574)**  
**ББК 86.7 (5Қаз)**  
**Қ 22**

**Авторлық ұжым:**

*Илеуова Гүлмира, әлеуметтанушы, әлеуметтану ғылымының кандидаты*  
*Симакова Ольга, әлеуметтанушы, әлеуметтану магистры*  
*Омаров Мәди, саясаттанушы, саясаттану магистры*  
*Қоспанов Расул, саясаттанушы, философия магистры*  
*Мұхамедиев Азат, әлеуметтанушы, әлеуметтану магистры*  
*Нұрахметова Светлана, экономист*

**Қ 22 Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм – Алматы:**

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» Қоғамдық Қоры, 2023. – 124 бет.

ISBN 978-601-80776-7-8

Кітапта Қазақстанның қазіргі қалалары негізінде атеистер мен атеистік наным-сеніммен байланысты өзгерістерді зерттеу бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Зерттеу Роза Люксембург Қорының Орталық Азиядағы Өкілдігінің қолдауымен орындалған «Қазіргі Қазақстан қалаларындағы атеистер мен атеистік наным-сенімдерді қабылдау: ұрпақ сабақтастығы негізінде» жобасы аясында жүргізілді.

Кітаптың дінтанушылар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, мемлекеттік орган өкілдері мен Қазақстанның діни саласы мәселелеріне қызығушылық танытқандардың барлығына пайдасы мол.

The book presents the results of a sociological study to examine changes in attitudes towards atheists and atheistic beliefs in the context of modern cities in Kazakhstan.

The research was conducted within the framework of the project «Perception of Atheists and Atheistic Beliefs in Modern Cities in Kazakhstan: Breakdown by Generations», sponsored by the Rosa Luxemburg Stiftung Central Asia.

The book may be useful to religious scholars, sociologists, political scientists, representatives of state bodies and all those interested in the issues of religious landscape in Kazakhstan.

**УДК 211 (574)**  
**ББК 86.7 (5Қаз)**

**Басылым Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілігімен Германияның Экономикалық ынтымақтастық және даму федералды министрлігінің қаражатымен шығарылды. Басылымның мәліметтерін үшінші тұлғалар түпнұсқа басылымына сілтеме болған жағдайында ғана пайдалана алады. Басылым сатылуға арналмаған жіне тегін таратылады.**

ISBN 978-601-80776-7-8

© «Стратегия» ӘСЗО» ҚҚ, 2023

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» Қоғамдық қоры «Қазіргі Қазақстан қалаларындағы атеистер мен атеистік наным-сенімдерді қабылдау: ұрпақ сабақтастығы негізінде» атты жобасының идея ретінде ойға алынып, жүзеге асырылуы мен кітап болып басылып шығуына тікелей және сырттай үлес қосқандарға өз ризашылығын білдіреді.

Бірінішіден, біз зерттеуді жүргізуге демеушілік қолдау көрсеткен Роза Люксембург Қорының Орталық Азиядағы Өкілдігіне (RLS) өз алғысымызды білдіреміз. RLS қолдауының арқасында біз Қазақстанның 5 қаласына барып, біз үшін құнды ақпарат көзі болған көзқарасы, жас ерекшелігі мен ұлты әртүрлі адамдармен кездесу мүмкіндігіне ие болдық.

Біз осы мүмкіндікті пайдалана отырып, зерттеуге қатысқандардың барлығына алғыс айтамыз. Бұл адамдар бізге сенім білдіріп, өздерінің атеист ретінде қалыптасу тарихын бөлісті. Біз олардың батылдығына, ашықтығы мен біздің барлық сұрағымызға жауап беруге деген дайындығы үшін ол жандарға да ерекше алғыс білдіреміз.

Жобаны дайындау барысында зерттеу сауалдарын талқылауға шынайы қызығушылық танытып, ескертпелері зерттеу міндеттерін түбегейлі анықтауға септігі тиген Бурова Елена Евгениевна мен Камарова Рузия Исламовнаға жеке алғыс білдіреміз.

Ар-ождан еркіндігін, дін мен наным-сенімді сақтау – күрделі және көпқырлы мәселе, сондықтан да жоба авторлары бұл зерттеу жобасының мәліметтері дінге қатысты заманауи әлеуметтік тренд пен мемлекеттің дінге деген бейтарап жағдайын бағалауға, сондай-ақ наным-сенімі діни сенімнен ерекшеленетін адамдардың жағдайына қатысты талқылау барысында өз үлесін қосатынына сенімді.

Басылым Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілігімен Германияның Экономикалық ынтымақтастық және даму федералды министрлігінің қаражатымен шығарылды.

Бұл басылымның мазмұнына толықтай «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» Қоғамдық қоры жауапты, ал басылымда жарияланған көзқарас Роза Люксембург Қорының ұстанымын білдірмеуі мүмкін (RLS).



## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
1. Зайырлылық, зайырлы мемлекет және атеизмнің заманауи түсініктеріне шолу.....	7
2. Жобаны негіздеу.....	14
3. Зерттеу тәсілі.....	17
4. Сауалнама қатысушыларының әлеуметтік-демографиялық бейнесі.....	19
<b>1 ТАРАУ. ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТ: ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ</b> .....	23
1.1. Қазақстан Республикасындағы зайырлы мемлекеттің құқықтық негіздері.....	23
1.2. Азаматтардың дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатынасы.....	28
1.3. Зайырлылықты сақтай отырып.....	41
<b>2 ТАРАУ. ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДАҒЫ ДІНИ СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ДІНДАРЛЫҚ</b> .....	57
2.1. Қала тұрғындарын діни сәйкестендіру факторлары.....	57
2.2. Қала тұрғындарының ұғымындағы діндарлық.....	69
<b>3 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДА АТЕИСТЕРГЕ ЖАЙЛЫ МА?</b> .....	91
3.1. Қазақстандағы атеистер: сабырлы және дұшпандық арасында.....	91
3.2. Мен неге атеистпін?.....	104
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	116



## КІРІСПЕ

### 1. Зайырлылық, зайырлы мемлекет және атеизмнің заманауи түсініктеріне шолу

Атеизм мен атеистер мәселесін, сонымен бірге, олардың заманауи қазақстандық қалалардағы орнын қарастыра отырып, зайырлы мемлекет тақырыбын, сонымен қатар, онымен байланысты негізгі түсініктерді қозғамау мүмкін емес, себебі Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет болып саналады. Нақтырақ айтсақ, зайырлылық, секуляризм, ар-ождан бостандығы, т.б. аталмыш түсініктердің кейбіреуі синоним, өзара алмастырып қолдануға болатын түсініктер, осы ретте, біздің ойымызша, аталған терминдердің әрқайсысы қандай мағына беретінін анықтап алған жөн. Сонымен бірге, зерттеу тақырыбы шеңберінде атеизм түсінігін және ол қандай мағына беретіндігін қарастырған жөн.

Анықтамалардың алғашқы шолуы Қазақстанда ағылшын тілді әдебиеттерде көбірек таралған «секуляризм» түсінігіне қарағанда «зайырлылық» түсінігі орыс тілді ғылыми және заңдық терминологияда бар болғандықтан дискурста көбірек бекем алған деген болжамды айтуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, «laïcité» француз тіліндегі түсінік орыс тіліндегі «зайырлылық» түсінігіне синоним екендігін назардан тыс қалдырмау керек. 1995 жылғы ҚР Конституциясын жасау үшін Франция Республикасының Конституциясы үлгі ретінде алынғандықтан осы ескертпе маңызды болып саналады, себебі аталмыш елдің конституциясында зайырлылық «негізгі құраушы құндылықтар қатарына жатқызылған». Атап өтерлігі, 2003 жылы Францияда (Жак Ширак президенттігі кезінде) зайырлылық туралы ауқымды пікірталас өткен еді, соның нәтижесінде Франциядағы зайырлылық бойынша президенттік комиссияның Бернар Стази басшылығымен «Зайырлылық ғасыры (Зайырлылық туралы ой-толғаулар)» баяндамасы<sup>1</sup> жарияланды. Баяндамада келесі тұжырымдар көрсетілген: «Зайырлылық сипаттама мемлекеттің бейтараптығын білдіреді: ол қандай да бір діни немесе рухани таңдауға басымдық бермеуі тиіс. Теңдік қағидасына негізделе отырып, зайырлы мемлекет ешқандай да ғибадатқа бұқаралалық басымдық бермейді, мемлекеттің олармен қатынасы заңды түрде бөлінумен сипатталады.

Зайырлылық ар-ождан еркіндігі, рухани және діни сенімдердің заңды түрде теңдігі, саяси биліктің бейтараптығы деген өзара тығыз байланысты

---

<sup>1</sup> *Le rapport de la commission Stasi sur la laïcité*. 12.12.2003 г. - [https://www.lemonde.fr/archives/article/2003/12/12/le-rapport-de-la-commission-stasi-sur-la-laicite\\_4288804\\_1819218.html](https://www.lemonde.fr/archives/article/2003/12/12/le-rapport-de-la-commission-stasi-sur-la-laicite_4288804_1819218.html)



үш құндылыққа негізделген республикалық пактінің ең негізгі құраушы бөлігі. Ар-ождан еркіндігі әрбір азаматқа өзінің діни немесе рухани өмірін таңдауға мүмкіндік береді. Заң алдындағы теңдік кез келген дискриминация немесе күштеуге тыйым салады, мемлекет қайсы біріне де артықшылық бермейді. Ал саяси билік өзінің шектерін мойындайды, ол рухани немесе діни салаға араласпайды».

Бізді қызықтыратын тақырып бойынша маманданған көптеген авторлардың көбісі мемлекеттің «зайырлылығы» түсінігі айтарлықтай күрделі ұғым, көбіне контекстіге байланысты әртүрлі мәнде қолданылады деген пікірде. Мысалы, И.В.Понкин<sup>2</sup> былай атап көрсетеді, «зайырлылық» термині бүгінгі күні мемлекет пен діни ұйымдар қарым-қатынасы бойынша пікірталастарда аса жиі қолданылады. Осы автордың пікірінше, қазіргі ғылыми әдебеттер мен түсіндірме сөздіктерде «зайырлылық» түсінігі мазмұнды әрі бүге-шүгесіне дейін түсіндірілмейді. Одан бөлек, автор мемлекеттің зайырлылығы түсінігінің конституциялық-құқықтық және мәдени-тарихи контекстінде қандай мағына беретіндігі туралы нақтылықтың болмауы зайырлылықтың конституциялық қағидасын бұзатын құбылыстарға әкелетіндігіне, ал, зайырлылықты зерттеудегі немқұрайлылық БАҚ-та еркін түсініктердің пайда болуына әкеліп соқтыратындығына баса назар аударады. Автордың өзі зайырлылық түсінігіне екі ұстаным тарапынан түсінік береді: мемлекеттік немесе қоғамдық институттар белгісі тарапынан және элитаға тиесілікті білдіретін сапа тарапынан. Осы тарапта ол зайырлылықты қызметі идеология немесе оған бағыныштылықты таратуға бағытталған діни ұйымдар мен бірлестіктердің діни немесе идеологиялық санкциясы мен қысымынан тәуелсіз екендігін, жалпыазаматтық, бейбіт бағытын білдіретін қоғамдық өмір салаларын, мемлекеттік немесе қоғамдық институттар сипаттамасы ретінде анықтайды. Ал зайырлы мемлекетке қатысты айтар болсақ, автор оны қандай да бір дінді жалпыға ортақ ретінде бекітуге немесе қыстауға тыйым салынған мемлекет ретінде анықтайды.

С.М.Алейникова және С.А.Бурьянов<sup>3</sup> зайырлылықты діни бірлестіктерді тікелей мемлекеттік қаржыландырудың болмауы, міндетті дін ұстануды енгізуге жол бермеу, жалпы заңдық діни соттардың болмауы, діни ережелер мен актілерді құқық негізі ретінде мойындау ретінде анықтайды. Одан өзге, зайырлылық мемлекеттік органдар қызметі бұқаралық діни жоралғылар мен рәсімдермен сүйемелденбеуі керек, ал лауазымды тұлғалар өзінің қызметтік жағдайын дінге деген қандай да бір қатынасын қалыптастыру үшін қолдануға

<sup>2</sup>Понкин И. В. *Светскость государства*. – М.: Издательство Учебно-научного центра довузовского образования, 2004. – 466 б.

<sup>3</sup>Алейникова С. М., Бурьянов С. А. *Светское государство в вопросах и ответах: кратко, доступно и актуально / под ред. И. Кондратьева* — М., 2015. — 62 б.

құқылы болмайды. Өз кезегінде авторлар зайырлы мемлекетті дүниетанымды бейтарап мемлекет, ресми идеология ретінде ешқандай дүниетанымды (соның ішінде діни немесе діниге қарсы) ұстанбайтын, азаматтарға еркін дүниетанымдық таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін мемлекет ретінде анықтайды.

Осылайша, авторлар зайырлы мемлекеттің міндетті белгісі ретінде ар-ождан бостандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, авторлар мемлекеттің дүниетанымдық бейтараптығы қағидасы дінтану ғылымындағы пікірталастар негізінде және «дәстүрлі дін», «дәстүрлі емес дін», «секталар», исламға қатысты қолданылатын «дәстүрлі ислам», «дәстүрлі емес ислам», ваххабизм», т.б. көрінеу қате түсініктер негізінде діни бірлестіктер иерархиясын құрумен қатар сыйымсыз болатындығын ерекше атап көрсеткен.

Е.Н.Маркова<sup>4</sup> зайырлылықтың келесідей белгілерін бөліп көрсетеді:

- Ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде бекітіле алмайды;
- Барлық діни сенімдер тең болып мойындалады;
- Барлық діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген және өзара тең, мемлекет олардың істеріне араласпайды;
- Діни бірлестіктер мемлекет пен мемлекеттік органдар істеріне араласпайды және саяси қызметпен айналыспайды;
- Мемлекет діни бірлестіктер заң ережелерін сақтаған жағдайда олардың еркін қызмет етуіне кепілдік береді.

Сонымен қатар, автор халықаралық деңгейде әмбебап, бірегей «зайырлылық моделінің» болмайтындығын, зайырлы мемлекеттің тұрақты әрі нақты белгілері мен қасиеттерінің болмайтындығын атап көрсеткен. Зайырлы мемлекет түсінігінің ресми анықтамасының болмауы, сонымен бірге, мемлекеттің өзге түрлерінен зайырлы мемлекетті ерекшелендіретін өзіне тән айқын белгілерінің болмауы, автордың пікірінше, мемлекетті зайырлы деп жариялау – бұл, ең алдымен, мемлекеттің діни және идеологиялық бейтараптығы идеясын ерекше ұстанудың саяси жариялауы екендігі туралы шешім шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық авторлар жұмыстарында зайырлылық пен зайырлы мемлекет өзара ұқсас түсіндіріледі. Мысалы, Е.Е.Бурова және А.Г.Косиченко<sup>5</sup> Қазақстан зайырлылығы демократизм, әлеуметтілік, дүниетанымдық әртүрлілік секілді конституциялық құрылымның негізгі құрауыштарымен байланы-

---

<sup>4</sup>Маркова. Е. Н. *Принцип светского государства (7 Бөлім) // Основы конституционного строя России: двадцать лет развития*, 2013. С. 183–213.

<sup>5</sup>*Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан / Под общ. ред. З.К.Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 137 б.*

сты бола отырып, дін өмір сүрудің мәжбүрлік негізі ретінде міндеттелмеді, ешқандай да діни бірлестік мемлекеттік бола алмайды, ал азаматтар ар-ождан бостандығы құқығына ие екендігін білдіретіндігін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, авторлар зайырлы мемлекет клерикалды және атеистік мемлекеттен несімен ерекшеленетіндігін түсіндіреді. Егер клерикалды мемлекетте діни бірлестіктерді мемлекеттен тек ішінара ғана бөлу мүмкін болса, ал атеистік мемлекетте діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу дінді қоғам өмірінен толықтай алып тастау мақсатымен жасалады. Ал зайырлы мемлекетте діни бірлестіктерді саяси биліктен бөлу қызмет ету саласын нақты шектеу негізінде сатылы түрде жүзеге асырылады. Авторлар зайырлы мемлекеттің классикалық үгісі барлық діни ағымдарға бірдей бейтараптықты, мемлекеттің дін және діни ұйымдардан айқын бөлінуін білдіретіндігін атап көрсетеді.

Сонымен бірге, авторлар зайырлы мемлекет негізін қалайтын келесідей белгілерді бөліп көрсетеді:

Мемлекет азаматтардың дінге қатынасына және діни ұйымдарға қатыстылығына қарамастан өмірдің барлық салаларында олардың теңдігіне кепіл болады және оны қамтамасыз етеді;

Мемлекет азаматтардың дінге деген өз қатынасын анықтау мәселелерінде бейтарап болады;

Мемлекет діни бірлестіктер қызметіне, сонымен қоса, діни оқытушылық, мінәжаттық, тәртіптік және кадрлық мәселеріне араласпайды;

Мемлекет азаматтардың дінге деген қатынасын өзгертуге мәжбүрлеу үшін өзінің ерекше мекемелерін пайдалануға мүмкіндік бермейді (пенитенциарлық мекемелер, әскер, ауруханалар, балалар үйі)

Мемлекет азаматтардың дінге қатынасын анықтауында мемлекеттік білім беру стандартының бейтараптығын қамтамасыз етеді.

Өзге монографияда, А.Г.Косиченко<sup>6</sup> зайырлылық көп конфессионалды полиэтникалық қоғамда мемлекет пен дін арасындағы жалғыз дұрыс қатынас екендігіне баса назар аударады. Мемлекетте бірнеше дін қызмет атқарған жағдайда зайырлылық құқықтық кеңістікте теңдей өмір сүруге мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, зайырлылық адамдар құндылықтар жүйесінің діни немесе зайырлылық түрін еркін таңдауын білдіретін діни сенім еркіндігімен тығыз байланысты. Сонымен бірге, автор зайырлылық қағидасын түсінудегі 3 негізгі тәсілді бөліп көрсетеді: дәстүрлі, либералды және діни. Дәстүрлі тәсіл мемлекет пен діннің тарихи қалыптасқан қатынастарынан бастау алады және осы қатынасты заңды түрде бекітеді. Зайырлылық қағидасын жүзеге

---

<sup>6</sup>Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Ужымдық монография. Алматы: Философия, саясаттану және дінтану Институты, ҚР, 2020. – 278 б.

асырудағы либералды тәсіл автордың айтуынша, өз ұстанымдарын аса қатаң түрде тұжырымдайды. Аталмыш тәсілге сай, дін мемлекеттен қарым-қатынас етудің барлық бағыттары бойынша бөлінеді. Дін билік органдарын құруға қатыспайды және өз өкілдерін билікке ұсынбайды. Мемлекеттік органдар қызметі ешқандай да діни жоралғылар мен рәсімдермен сүйемелденбейді. Діни ұйымдар саяси партиялар қызметін қаржыландырмайды. Мемлекет, өз кезегінде, діни мәселерді шешуге қатыспайды және конфессияаралық диалогта арбитр болмайды. Діни тәсілдің мәні зайырлылық қағидасына деген айтарлықтай сақтықпен қарауға негізделеді.

Д.А.Сихимбаева и Л.С.Шыңғысбаев<sup>7</sup> өз жұмысында «зайырлылық» пен «секуляризм» түсініктері әр қоғамның тарихи, әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени ерекшеліктеріне байлаынсты қалыптасады және дамиды. Ал түрлі факторлар, әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдық кеңістіктегі дін рөлінің өзгерісі аталған түсініктердің мазмұнына өзіндік ерекшеліктер енгізетіндігін атап көрсетеді.

Зайырлылық және зайырлы мемлекет түсініктері туралы айтқанда секуляризм түсінігі және одан туындаған терминдер туралы қозғамау мүмкін емес. Т.Асад<sup>8</sup> атап көрсеткендей, «секуляризм» және «секуляризм ұстанушысы» терминдері ағылшын тілінде сол заманның қоғамында азғындыққа кінәлаумен бірдей болатын «атеизм» және «құдайсыздық» деп кінәлаудан қашу үшін ХІХ ғасыр ортасында еркін ойлайтын авторлардың көмегімен пайда болған.

Атап өтерлігі, ағылшын тілінде «зайырлылық» түсінігін білдіру үшін «secular» сөзі қолданылады, яғни, секулярлы. Осыны заманауи ағылшын тілінің Оксфорд сөздігін сараптай отырып И.В.Понкин атап көрсетеді. Секуляризм бұл ретте дін қоғам, білім, т.б. қалыптастыруға қатыстырылмауы керек деген сенімді білдіреді. «Теологиялық терминдердің Вестминстерлік сөздігінде» «Секуляризм» (латын тіліндегі saeculum туындаған saecularis, ағылшынша secularism – ғасыр, ұрпақ, әлем) – бұл табиғи тәртіптің арғы жағында орналасқан діни өлшемдермен байланысты қарама-қарсы әлеммен адами дүниетанымды, сенімді, құндылықтарды, қызметті немесе институттарды байланыстыратын термин».<sup>9</sup>

Өз кезегінде Е.Е.Бурова және А.Г.Косиченко секуляризмді дінді мемлекет пен қоғамдық өмірден жан-жақты әрі барлық жағынан шеттету деп

<sup>7</sup>Сихимбаева Д. А., Шыңғысбаев Л. С. Основные методологические подходы к определению светскости: опыт Казахстана // ҚазҰУ жаршысы, философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. №2 (68). 2019. Б. 274–281.

<sup>8</sup>Асад Т. Возникновение секулярного: Христианство, ислам, модернизм. – М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 376 б.

<sup>9</sup>Теологиялық терминдердің Вестминстерлік сөздігі. - М.: «Республика». Мак-Ким Дональд К.. 2004.

анықтайды. Алайда, Понкин пікірінше, мұндай үрдіс үшін (дін ықпалын азайту) «секуляризация» терминін қолданған жөн.

А.Куру<sup>10</sup>, секуляризм туралы айтқанда, оның 2 негізгі түрін бөліп көрсетеді: белсенді және бәсен. Белсенді секуляризм моделінде мемлекет қоғам өмірінде дін және діншілдіктің көрініс табуына толық тыйым сала алады немесе оны шектей алады. Мұндай шектеу түрі мысалы бұқаралық орындарда діни атрибуттарды (хиджаб, крест, т.б.) тағуға тыйым салу, бұқаралық орындарда сыйынуға тыйым салу, білім беру жүйесінен дінді толықтай шығару секілді әрекеттерді білдіреді. Автор белсенді секуляризм саясатын жүзеге асырып жатқан мемлекеттердің айқын мысалы ретінде Франция мен Түркия мемлекеттерін атап көрсетеді. Өз кезегінде, бәсең секуляризм бұқаралық салада, білім беру саласында діншілдіктің көрініс табуына қандай да бір шектеудің болмауын білдіреді. Одан өзге, дінмен байланысты кейбір жоралғылар мен атрибуттар мемлекеттік шаралар барысында немесе мемлекеттік белгілерде қолданылуы мүмкін (мысалы, сот отырыстары кезінде киелі кітаптарға ант беру, діни дәйексөзді ақша купюрасына енгізу). Алайда, бәсең секуляризмде дін мемлекеттік және саяси шешім қабылдауға ешқандай да ықпал ете алмайды. Мемлекет діни бірлестіктер ісіне араласпайды, ал діни бірлестіктер өз кезегінде, мемлекет ісіне араласпайды. Автор бәсең секуляризм саясатын қолданушы мемлекет мысалы ретінде АҚШ атайды.

Зайырлы мемлекет пен зайырлылық контекстінде жиі қолданылатын тағы бір түсінік - бұл ар-ождан бостандығы. Ар-ождан бостандығына құқық көптеген демократиялық және зайырлы мемлекеттердің Конституциялық деңгейінде бекітілген. Одан өзге, жоғарыда атлаған авторлардың көбісі ар-ождан бостандығын зайырлы мемлекеттің маңызды белгісінің бірі ретінде атаған.

Ар-ождан бостандығының ең ауқымды және қайшылықсыз анықтамасы БҰҰ-на мүше барлық мемлекеттер ратификациялаған БҰҰ Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясының<sup>11</sup> 18 бабында көрсетілген. Аталған бапта келесідей айтылған: «Әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды. Ең маңыздысы, аталған бапта «дін және наным-сенім» сөз тіркесі қолданылады, мұнда наным-сенім ретінде діни болып саналмайтын кез келген дүниетаным қабылда-

---

<sup>10</sup>Куру А. Т. *Пассивный и активный секуляризм: Соединенные Штаты Америки, Франция и Турция // Влияние религии на современный мир. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның пленарлық баяндамалары / З.К.Шаукенова ред. – Алматы: ИФПР ҚР БЖҒМ, 2013. – 374 б.*

<sup>11</sup>Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/declhr.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml)

нады. Декларацияда одан өзге 19 бап наным-сенім бостандығы мен өз көзқарасын еркін білдіруіне кепілдік береді.

С.М.Алейникова және С.А.Бурьянов атап көрсеткендей, ар-ождан бостандығының мәні жеке және/немесе өзгелермен наным-сенім таңдауға, ауыстыруға, таратуға және өзгелердің еркіндігі мен жеке құндылықтарына қысым жасамай, әрекет етуден тұрады. Одан өзге, авторлар мемлекет зайырлылығы қағидасы ар-ождан бостандығының ең маңызды кепілі екендігін атап өтеді.

Атеизм түсінігін қарастыруға өте отырып, аталмыш құбылыстың көптеген зерттеушілері қазіргі уақытта осы терминнің анықтамасына қатысты қиындықтар бар екендігін ескерткендігін атап өтпеу мүмкін емес. Олардың кейбіреуінің пікірінше, аталмыш терминді нақты қалай қолдану керек екендігіне қатысты академиялық консенсус жоқ.

С. Булливант<sup>12</sup> «атеизм» және «атеист» түсініктерінің аса танымал келесідей анықтамаларын атап көрсетеді:

1. Атеизм – бұл Құдай және құдайлар жоқ екендігіне сену (Дж. Багини).
2. Негізі, атеизм бұл құдай (құдайлар) жоқ екендігін білдіретін ұстаным («сенбеймін») (Д. Эллер).
3. Атеист – бұл Құдайға сенбейтін адам; Құдай жоқ екендігіне сенетін біреу болудың қажеті жоқ (М. Мартин).
4. Атеист теизм рақымшылық танытатын Құдайға сенбейді (П. Клитер).
5. «Атеист» деп мен қашаннан осы сөз беретін мәнді, яғни, Құдайға сенуден бас тартқан саналы шешім деген мағынаны түсінемін (А. МакГрат).

Автор атап көрсеткендей, аталған барлық анықтамалардың ортақ сипаты бар: олардың барлығы да атеизмді «Құдай» деп аталатын нәрсеге негативті қатынас ретінде қарастырады, олардың біреуінен басқасының барлығы да бұл қатынастарды «сенім» терминдерімен сипаттайды. Сонымен қатар, ол «атеизм» терминінің қолдану нұсқаларының көп болуы міндетті түрде ғалымдардың бір тобының пікірі дұрыс, екінші тобының пікірі бұрыс деген екенді білдірмейтіндігін атап өтеді. Атеизм бірыңғай объективті анықтамаға ие емес. Сонымен бірге, бұл барлық анықтамалар бірдей пайдалы дегенді білдірмейді: тым шектеулі анықтама қызықты потенциалды мәліметтерді әсірелеуі мүмкін болса, ал тым кең анықтама өзара маңызды бірнеше байланыстары бар «атеизмдердің» өте көп ауқымын қамтуы мүмкін. Автордың пікірінше, ғылыми қауымдастықтағы атеизм түсінігін анықтаудағы консенсустың болмауы ең оптималды әрі сай келетін анықтаманы таңдауға өте көп

---

<sup>12</sup>Bullivant, Stephen, and Michael Ruse (eds), *The Oxford Handbook of Atheism* (2013; online edn, Oxford Academic, 16 Dec. 2013), <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199644650.001.0001>, accessed 25 July 2023.

уақыт жоғалтуға әкелуі мүмкін, одан әрі, аса үлкен шатастыруға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты автордың ойынша, атеизмнің жалпымен мойындалған, пайдалы ғылыми анықтамасының болуы тиімдірек. Аталмыш терминді грек тілі призмасы, ғылыми тиімділік қағидасы тарапынан, сонымен бірге, теизм түсінігін сараптай отырып, автор «Құдай мен құдайлардың бар екендігіне сенімнің болмауы» деген атеизм түсінігінің анықтамасы ең дәл анықтама деген шешімге келеді.

Өз кезегінде Д.В.Пивоваров аталмыш түсінікті біршама кеңітеді. Атеизмді сыни сараптама және тұлға ретінде Құдайға сенімді жоққа шығару, сонымен бірге, кез келген өзге құдайларға, тылсым күштер немесе тәнсіз рухани жаратылыстардың бар екендігіне сенбеу ретінде түсіндіреді. Осылайша, автордың айтуынша, атеизм дегеніміз тек Құдайға ғана емес, сонымен бірге, жалпы тылсым дүниеге сенімнің жоқтығы.

## **2. Жобаны негіздеу**

### **Мәселелі тұсты анықтау**

Тәуелсіздік алғаннан бастап, Қазақстандағы дін қоғамдық өмірде аса маңызды рөл ойнай бастады. Кеңестік уақытта аса басымдыққа ие болған дүниетаным ретіндегі атеизм қазіргі уақытта өзінің танымалдығы мен таралуынан айрылған, маргиналды кезекті мәселе ретінде қарастырылады. Сарапшылардың айтуынша, қазақстандық қоғамдағы атеизм әлеуметтік қолдауға ие емес дүниетаным ретінде жиірек қарастырылады, ал «атеист» деген сөздің өзі Дастан Ельдесовтың пікірінше, «балағаттаушы мәнге»<sup>13</sup> ие. Өздерін атеист ретінде көретін адамдардың бұқаралық пікірлерінен байқалатыны, өз беделін жоғалтудан немесе өздеріне деген өзгелердің қатынасын бұзып алудан қорқатындықтан, олар өздерінің көзқарастарын ашық жариялауға ұмтылмайды, себебі, атеистерге олардың орталарында «ақ қарға»<sup>14</sup> секілді қатынас қалыптасқан. 2013 жылғы құқық қорғаушы А.М.Харламовты дінаралық алауыздық қоздыруға айыптау бойынша іс резонансты сипатқа ие болды, ол «атеизм ғана ғаламшардағы барлық адамдарды біріктіретін жалғыз идеология болады» деген пікір білдірген болатын. Риддерлік прокуратура және құқық қорғау органдары қызметкерлері А.Харламовтың әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдарында дінге сенушілердің сезімін қорлайтын исламға, католицизмге, православияға және иудаимге қатысты сынау мен жағымсыз пікірлер бар деп санаған. Қылымыс құрамы болмағандықтан, іс тек

<sup>13</sup>Дастан Ельдесов. *Атеисты в Казахстане становятся персонами нон-грата?* 16.02.2017г. - <https://samonitor.kz>

<sup>14</sup>Люди без религии. *В Казахстане растет количество атеистов.* 27.08.2019г. - <https://cabar.asia>

2018 жылы ғана жабылды, ал, құқық қорғаушыдан ресми түрде кешірім тек 2020 жылы ғана сұралды<sup>15</sup>.

Атеизм тақырыбы БАҚ-та 2017 және 2021 жылдары аталудың ең жоғары деңгейіне ие болған, бұл «сенбеушілердің құқығы» түсінігін заңды түрде бекіту және оны бұзған жағдайда айыппұл шараларын тағайындау әрекеттерімен байланысты. Өзгерістерді бастаушылар қоғамда дін ұстанбайтын-дарды құдайсыздықпен айыптап, «кафир» деп атап, оларды қорқыту жағдайларының орын алғандығын атаған<sup>16</sup>. Аталмыш бастама жүзеге асырылмады. Бірақ, дінге сенбейтін адамдар құқығын заңды түрде қорғау қажеттілігі ретінде мәселенің қойылуының өзі заманауи Қазақстанның діни қатынастарындағы парадигмалардың түбегейлі өзгергендігін және қоғамдық және мәдени өмірі деңгейінде клерикализмнің көрініс табуынын білдіреді. Нәтижесінде, «Қазақстандық энциклопедия»<sup>17</sup> интернет-ресурстағы «Қазақстандағы атеизм» мақаласы атеизм туралы ақпаратты, бір жағынан, ҚР Конституциясында көрсетілген зайырлы мемлекет тарапынан, екінші жағынан, діни мемлекеттің предикті болып табылатын атеистерді кемсітушілік құбылысы ретінде көрсетеді.

Зерттеушілік және академиялық ортадағы сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда атеизм және қазақстандық қоғамдағы атеистердің жай-күйі деген мәселелер тұжырымдалмаған. Қазақстандағы діни жағдайды сипаттауда атеизм елдегі жүзеге асырылып жатқан еркін ойлауға құқықты көрсетудің құрылымдық құрауышының бірі ретінде ғана аталады және ғылыми сипаттау жасалмайды. Жоба бойынша кеңесшілер ұсынған атеизм туралы ғылыми жұмыстар сілтемесі негізінен шетелдік, ресейлік авторлар жұмыстарынан тұрды.

Сонымен бірге, кеңесшілер Қазақстанға да әсер еткен 2007 жылдан бастап кең өріс ала бастаған агностиктер мен өздерін атеистер деп танытын адамдар үлесінің артуы бойынша әлемдік трендті атап көрсетеді. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ 2019 жылғы мәліметтеріне сай: он жыл ішінде Қазақстандағы дінге сенбеушілердің үлесі үш есеге артқан, осылайша 2019 жылы 18,8% үлеске ие болған, ал 2020 жылдағы АҚДМ мәліметі бойынша, 23% өздерін «дінге сенбеймін, бірақ, өзге адамдардың діни сенімдерін сыйлаймын» деп көрсетсе, ал 9% - атеист ретінде көрсеткен.

Осыған байланысты заңды түрде келесідей сұрақтар туындады:

---

<sup>15</sup>Жанар Асылханова. «Автор «Самой гениальной книги» вражду не разжигал».29.08.2017г. - <https://ratel.kz>

<sup>16</sup>В Казахстане попытаются повторно защитить права неверующих законом. 07.09.2021г. - <https://www.rbc.ru>

<sup>17</sup>«Қазақстандық энциклопедия» интернет-ресурсындағы «Атеизм в Казахстане» мәліметі (соңғы өзгерістер 19.04.2017) <http://ru.encyclopedia.kz>



## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

- Қоғамда уақыт өте келе атеистерді қоса алғанда діндар емес және дінге сенбейтін адамдар тобына қатынас қалай өзгеруде?
- Атеистер заманауи қазақстандық қоғамда өздерін қалай сезінеді?
- Ар-ождан бостандығы мойындалатын зайырлы мемлекет тұрғысындағы Қазақстандағы ұлттың діни идентификациясындағы өзгерістердің жай-күйі қалай?

Елдегі діни жағдайдың өзгеруі мен діни идентификациясы мәселелері аса күрделі әрі көп аспектілі, сондықтан, дінге қатысты заманауи әлеуметтік трендтерді талқылау және оған қатысты мемлекеттің бейтараптығының жағдайын бағалау мақсатында сарапшылық және академиялық қауымдастық (мүмкін болса, мемлекеттік орган өкілдерін шақыру керек) деңгейінде ашық пікірталас өткізу қажет.

### **Зерттеу нысаны мен пәні**

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан қалаларының тұрғындары алынды, себебі, оларда ауыл тұрғындарына қарағанда тұлғааралық байланыстар қарқынды жоғары және әлеуметтік жанжалдар туындау қауіптері жоғары.

Қала тұрғындарының атеистердің түрлі жастық когорталары мен атеистік сенімдерді қабылдауы зерттеу пәні болып табылады.

### **Мақсатты топтар**

Зерттеуде қолданылатын кешенді тәсілді ескере отырып, бастапқы ақпарат жинау үрдісіне қатыстырылатын информанттардың бірнеше топтарын ажырату қажеттілігі туындайды. Осылайша, зерттеу келесілердің пікірлерін зерттеуге бағытталды:

- Қала тұрғындары (діни наным-сенімдеріне қарамастан);
- Қала тұрғындары қатарындағы атеистер;
- Сарапшылар.

**Жоба мақсаты:** наным-сенімнің түрлі жүйелері бар қала тұрғындарының бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету бойынша күш салуларды қолдаушы материалдарды ұсыну үшін Қазақстанның қазіргі қалалары контекстіндегі атеистер мен атеистік наным-сенімге қатысты өзгерістерді зерттеу.

### **Зерттеу міндеттері:**

Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерді шешу керек:

- Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерін жарияланған зайырлы мемлекет және ар-ождан бостандығы қағидаларына сәйкес болуы.

- Қазақстандағы ар-ождан бостандығы қағидасын ұстануға қатысты қазіргі жағдайды сарапшылық бағалау.

- Қалалық ортада діншілдің/діншіл еместіктің көрініс табуы; атеистік

сенімдердің (көзқарастардың) қалыптасу ерекшеліктері: қалалық ортадағы атеистерге деген қатынас мәселелерін зерттеу.

- Діншіл емес идентификацияны, оның ішінде, атеистік сенімдердің пайда болуымен қалыптасқан әлеуметтік өзара қатынасдағы заманауи трендтерді анықтау.
- Сарапшылық және академиялық қауымдастық деңгейінде зерттеу тақырыптары бойынша пікірталас ұйымдастыру және пікірталас жүргізу.
- Зерттеу нәтижесі бойынша сараптамалық есеп дайындау мен жариялау.

### **3. Зерттеу тәсілі**

Атап өтерлігі, зерттеліп отырылған нысан неғұрлым күрделі болған сайын, сандық және сапалық стратегияны біріктіру де соғұрылым қажет бола түседі. Егер де сандық тәсіл көбіне нормативті жалпы топтық тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берсе, ал, сапалы тәсіл индивидуалды нұсқаларды сараптауға лайықты болады, осылайша, зерттеліп отырылған құбылысты жан-жақты қарастыру қалыптасады.

Зерттеу үшін аймақтар таңдау Қазақстн халқының соңғы санағының нәтижелеріне негізделді, ол бойынша, көрсетілген аймақтарда дінге сенбейтіндердің ең көп үлесі орналасқан<sup>18</sup>.

- Зерттеу қала жағдайында 3 әкімшілік-аумақтық деңгейде жүргізілді:
- Республикалық маңызы бар қалалар (РМҚ): Алматы, Шымкент;
  - Облыс орталықтары: Қостанай, Ақтау;
  - Шағын қалалар: Рудный, Жаңаөзен.

**Өткізілу уақыты:** шілде-тамыз 2023 жыл.

#### **Әдістеме:**

Зерттеу тәсілін анықтау барысында және тәсілдер құралнамасын даярлауда сарапшы-дінтанушылармен 2 кеңес жүргізілді, олар Бурова Е.Е. (Философия, саясаттану және дінтану Институты, ҒЖБМ, ҒК, Алматы қ.) және Камарова Р.И. (Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту бойынша Н.Назарбаев орталығы, Астана қ.).

Бастапқы ақпаратты жинау үшін келесідей әдістер қолданылды.

- Арнайы құрастырылған сауалнама (сауалнама) негізіндегі *Рәсімделген сұхбат F2F*.

*Іріктеудің* жалпы көлемі: n=1604 респондент.

---

<sup>18</sup>Қазақстан Республикасындағы 2021 жылдағы ұлттық халық санағының қорытындысы, 2022 жыл, <https://stat.gov.kz/upload/medialibrary/e62/b1e0sokkht34a1iyu2qdmu30dayt6sz1/Краткие%20итоги%20Переписи%20населения.pdf>, 35-48 б., дата обращения 09.08.2023 ж.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

Кесте 1. –Іріктеуді қалалар бойынша бөлу

Қалалар	саны	%
Ақтау	301	18,8
Алматы	300	18,7
Жаңаөзен	202	12,6
Қостанай	303	18,9
Рудный	198	12,3
Шымкент	300	18,7
Барлығы	1604	100,0

- Фокус-топтық пікірталастар, екі жастық когорта өкілдерімен төрт қалада жасалды: 30 жасқа дейінгі жастар («діни қайта өрлеу» кезеңінде өскен жас ұрпақ) және 50 жастан үлкен (кеңестік атеизм кезеңінде әлеуметтенуден өткендер).

Кесте 2. – Топтарды қалалар бойынша бөлу


Қалалар	Саны	Топ сипаттамасы
Ақтау	2	18-30 жас және 50 жастан үлкен респонденттер; қазақ тілінде
Алматы	1	50 жастан үлкен респонденттер; орыс тілінде
Рудный	2	18-30 жас және 50 жастан үлкен респонденттер; қазақ тілінде және аралас
Шымкент	1	18-30 жастағы респонденттер; аралас
Барлығы		6

- зерттеліп отырылған 5 қаладан таңдалған атеистермен бағытталған тереңдетілген сұхбат.

Кесте 3. – Сұхбатты қалалар бойынша бөлу

Қалалар	Саны
Ақтау	4
Алматы	4
Қостанай	1
Рудный	2
Шымкент	5
Барлығы	16


#### 4. Сауалнама қатысушыларының әлеуметтік-демографиялық бейнесі




Сауалнама респонденттерін іріктеудің негізгі критерийі келесілер: тұрғылықты қаласы (6 нүкте), жынысы, жасы (18 жастан үлкен). Сонымен бірге, әрбір қала үшін іріктеме статистика мәліметтеріне сай жекелей есептелді.

Төмендегі диаграмаларда сауалнама қатысушыларының демографиялық және әлеуметтік сипаттамалары бойынша ортақ (алты қала бойынша) үлестірулері (%) көрсетілген.

Мысалы, сауалнамаға қатысқандардың 41,9% ерлер және 58,1% әйелдер.



Сауалнамаға қатысқандардың арасында келесідей екі жастық топ өкілдері жиі кездеседі: 31–40 жас 30,1%. Басқа жастық өкілдер біркелкі орналасқан. Жастар тобының жалпы үлесі 27,1% құрайды, олардың ішінде екі жастық топша қарастырылған: 18–24 жас – 13,3%, 25–30 жас – 13,8%.




Қазақстан қалаларында сұралған респонденттердің этникалық құрылымы тарапынан қарастыра болсақ, онда олардың 77,2% - қазақтар, 14,2% - орыстар, 8,4% - өзге этникалық топ өкілдері. Нәтижесінде алынған үлестіру жалпы этникалық топтардың әл-

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

дегі арақатынасына сай келеді, аз ғана ерекшелік, яғни, қазақтар үлесінің біршама көп болуы (7%) және орыстарды қоса алғанда басқа этностар өкілдері тобындағы жетіспеушілік орын алған.

Біліміне қатысты айтар болсақ, жоғары білімді респонденттер үлесі ба-



сым (41,8%), олардың аяқталмаған жоғары білімі барлармен қоса алғандағы жалпы үлесі 51,5% құрайды. Сұралғандардың үштен бірі (34,7%) кәсіби-техникалық (арнайы орта) білімге ие.



Отбасылық жағдайы тарапынан, сұралғандардың көпшілігі некеде (68%), сұралғандардың төрттен бірі үйленбеген/күйеуге тимеген.

Егер де сұралғандарды тұтынушылық әлеуеті бойынша бағалайтын болсақ, онда, зерттелген қалаларда екі негізгі топ анықталғандығын айтуға болады: төменгі орта топ (35,1%) азық-түлік пен киім-кешекке ақша жетеді, бірақ, ұзақ мерзімді қолданылатын тауарларды сатып алу қиындық туғызады және жоғары орта топ (34,9%), олар үшін ұзақ мерзімді қолданылатын тауарларды

(тоңазытқыш, теледидар, т.б.) сатып алу қиындық туғызбайды. Аз қамтылғандар үлесі (ақша тамақ пен киімге әрең жететіндер) 17,3% құрайды.

Сауалнама нәтижесі бойынша, қалалықтар көпшілігінің өмірге және материалдық жағдайына көңіл толу деңгейі салыстырмалы жоғары (73,2% өз өміріне белгілі бір дәрежеде көңілі толады, 63,2% – материалдық жағдайына көңілі толады). Сонымен бірге, сұралғандардың үштен бірінен көбі (35,3%) өздерінің материалдық жағдайының деңгейіне көңілі толмайды.



Сұралған қалалықтардың жартысынан көбі (51,4%) өз қаласында туғаннан бері тұрады. Бестен бірі (21,3%) ұзақ уақыт қалалық болып саналады (16 жыл және одан көп). Респонденттердің оннан бір бөлігі (10,6%) 7 жылға дейінгі мерзім ішінде қалада тұрады.



## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ



Қалалар бөлінісі бойынша алынған тұру мерзімі бойынша жағдай Кестеде 4. ұсынылған. Шартты түрдегі «жаңадан келушілер» үлесі (қалада тұру мерзімі 10 жылға дейінгі) Рудный және Қостанай қалаларына тиесі. Ақтау және Жаңаөзендегі үлестер жалпы салыстырмалы түрде жоғары, бірақ, Қостанай облысымен салыстырғанда төмен. Шымкент және Алматы тұрғындарының құрамы салыстырмалы тұрақты.

*Кесте 4. – Тұрғылықты жылдар саны туралы сұраққа жауаптарды орналастыру (қалалар бойынша)*

Ұзақтығы	Алматы	Ақтау	Жаңаөзен	Қостанай	Рудный	Шымкент
10 жылға дейін	11,3%	16,3%	17,3%	27,4%	29,3%	7,7%
11–20 жыл	14,3%	11,3%	16,8%	23,8%	25,8%	11,3%
20 жылдан көп	16,3%	16,9%	16,3%	12,5%	10,6%	12,3%
Туғаннан бері	58,0%	55,5%	49,5%	36,3%	34,3%	68,7%

## I ТАРАУ. ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТ: ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

### 1.1. Қазақстан Республикасындағы зайырлы мемлекеттің құқықтық негіздері

Қазақстандағы зайырлылықтың, зайырлы мемлекеттің, ар-ождан бостандығы мен атеизмнің құқықтық мәртебесі мәселелерін қарастырғанда аталмыш мәселеге қатысы бар, мемлекеттің зайырлы сипатының барлық даму кезеңдерінің динамикасын бейнелеу мақсатында бүгінгі таңда күші жойылған нормативті-құқықтық актілерге шолу жасаған жөн.

Құқықтық талдауды 1978 жылғы Қазақ КСР-нің Конституциясынан бастайық. Қазақ КСР де КСРО сияқты өзін зайырлы мемлекет деп жарияламады. Сонымен қатар бұл мемлекеттік құрылымдар бұрын берілген зайырлы мемлекет анықтамасына сай келмеді, атап айтсақ, әлдебір дінді міндетті деп бекітпеген мемлекет те, сондай-ақ әлдебір идеологияны да міндетті деп бекітпейтін мемлекет те зайырлы мемлекет болуы мүмкін деген пікір бар. Бұл тұста КСРО Конституциясында да, Қазақ КСР Конституциясында да Коммунистік партияның жетекші және бағыттаушы рөлін белгілейтін баптар болды, яғни олар негізгі және міндетті идеология ретінде нақты саяси идеологияны бекітті. Алайда құқықтық актілерде бекітілген мемлекеттің зайырлы сипатының жоқтығына қарамастан, Қазақ КСР Конституциясында ар-ождан бостандығы құқығын бекітетін бап болды. Қазақ КСР Конституциясының 50-бабында<sup>19</sup> «Қазақ КСР азаматтарына ар-ождан бостандығына, яғни кез келген дінді ұстануға немесе ешбір дінді ұстанбауға, діни ғибадат етуге немесе атеистік үгіт жүргізуге құқығы бар» делінген. Діни сенімге байланысты араздық пен өшпенділік тудыруға тыйым салынады. Қазақ КСР-де мешіт пен шіркеу мемлекеттен, ал мектеп мешіт пен шіркеуден бөлінді».

КСРО Конституциясында зайырлылық принципі тікелей бекітілмегеніне қарамастан мемлекеттің кез келген діндерден бөлінгендігі атап өтіленін байқауға болады, бұл мемлекеттің зайырлылық принципінің басты құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар бапта атеизм, нақтырақ айтқанда, оны насихаттау құқығы (ол ең алдымен, ғылыми атеизм ажырамас құрамдас бөлігі болған маркстік-лениндік идеологиямен байланысты) туралы өз алдына жеке сөз болады. Сонымен заң жүзінде Қазақ КСР-ін зайырлы мемлекет деп тану қиындық тудырса да, іс жүзінде мемлекет (жалпыға мін-

---

<sup>19</sup>1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясы (күші жойылды). Қолжетімді дереккөз: <https://ru.wikisource.org/wiki>



детті саяси идеологияның болғанына қарамастан) біршама зайырлы болды.

Ең алғаш Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»<sup>20</sup> Заң қабылданғаннан кейін зайырлы мемлекет ретінде танылды. Заңның кіріспесінде «Қазақстан Республикасы әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік беретін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылады» деп көрсетілен.

Осы Заңның «Діни сенім бостандығы құқығы» деп аталатын 3-бабында «Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары ж»не азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға хұқылы, дінге деен, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді» делінген. Сонымен қатар бапта «ҚР азаматтары дінге көзқарасына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында заң алдында бірдей» деп белгіленген.

Осы Заңның 4-бабы «діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестіктер басқаларға қарағанда, ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды. Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды» деп бекітілген. Сондай-ақ бұл бап діни сипаттағы парияларды және өзге де саяси құрылымдарды құруға, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси өмірге араласуына тыйым салады. Сонымен қатар бапта «мемлекет дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға жәрдемдеседі» деген норма бар.

Заңның 5-бабы да мемлекеттің рухани сипатын баса көрсете отырып, «республикада білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген және рухани сипатта болады» деп мәлімделген.

Сонымен 1992 жылдан бастап мемлекеттің зайырлылығы мәселелері бойынша Қазақстан заңнамасында түбегейлі өзгерістер болды. Біріншіден, заң жүзінде алғаш рет мемлекет пен білім беру жүйесінің зайырлы сипаты бекітілді. Екіншіден, заңда атеизм және/немесе атеистер туралы тікелей айтылмаған, тек азаматтардың ешбір дінді ұстанбау құқығына баса назар ауда-

<sup>20</sup> «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы №1128-ХІІ Заңы (Күші жойылды). Қолжетімді дереккөз: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000\\_#z32](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920004000_#z32)

рылаған. Оның үстіне, Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясынан айырмашылығы, заңда атеистік насихат жүргізу құқығын бекітетін норма жоқ. Бірақ заңда миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығы заңда көрсетілген және 4-1 мен 4-2-баптарда реттелген.

Қазақстанда зайырлылық принципіннің құқықтық құрылуының келесі кезеңі 1978 жылғы кеңестік Конституцияны алмастырған тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы алғашқы Конституциясының<sup>21</sup> қабылданғаны болды. Бұл Конституцияда 1992 жылғы Заңдағыдай мемлекеттің зайырлы сипаты нақты бекітілген: сонымен «Конституциялы құрылыс негіздері» Тарауында<sup>22</sup> Қазақстан Республикасы – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет деп көрсетілген.

Конституцияның 12-бабында Қазақстан азаматтарына ар-ождан бостандығына кепілдік берілген. Онда *«республика азаматына ар-ождан бостандығына – өзінің дінге көзқарасын дербес белілеу, олардың кез келгенін уағыздау не ешқайсысын уағыздамау, дінге көзқарасына байланысты сенімін тарату және соларға сәйкес іс-әрекет жасау құқығына кепілдік беріледі»* делінген. Бұл ретте 58-бапта діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген деп белгіленген.

1993 жылғы Конституцияда зайырлы мемлекетке анықтама берілмесе де, ар-ождан бостандығына біршама ауқымды және мазмұнды түсіндірмесіне назар аударған жөн. Сондай-ақ 1992 жылғы Заңға қарағанда Конституцияда «діни сенім бостандығы» дегеннен гөрі «ар-ождан бостандығы» деп неғұрлым бейтарап тұжырымы қолданылған.

Сонымен қатар 1993 жылғы Конституцияны 1-Бабын қарастырған да жөн, онда республика азаматтары сөз бостандығы, пікір білдіру мен оларды еркін білдіруге құқылы делінген. Бапта ешкімді өз наным-сенімін күштеп білдіруге немесе өз наным-сенімі үшін қудалауға ұшырамайды делінген. Бұл тұста наным-сенімге атеистік наным-сенімді де жатқызуға болады, демек, Конституцияға сәйкес атеистерге өз наным-сенімін таратуына да кепілдік берілген.

Республикалық референдумда қабылданған қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституцияда бұл аспектілердің аз қамтылғанын айта кеткен жөн. Осы Конституцияның 1-бабында да Қазақстан зайырлы мемлекет деп жарияланғанымен, зайырлы мемлекет дегеннің анықтамасы да берілмеген. Конституцияның 22-бабында әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар делінген. Оның үстіне, 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы, қазір-

---

<sup>21</sup>Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституциясы (Күші жойылды). Қолжетімді дереккөз: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000_)

<sup>22</sup>Ескерту: Конституцияның бұл бөлімін біз шартты түрде «Тарау» деп алып отырмыз, өйткені құжаттың өзінде бұл бөлім Кіріспеден кейін берілген, бірақ Тарау ретінде аталмаған; 1-тарау осы бөлімнен кейін басталады.

гі Конституцияда ар-ождан бостандығы деген ұғымның түсіндірме берілмеген.

Дін мен діни қарым-қатынас саласындағы мемлекеттік саясаттың келесі кезеңі 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»<sup>23</sup> Заңның қабылдануы болды. Мұның алдындағы заңнамалық актілердегідей бұл Заңның кіріспесінде Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады деп көрсетілген. Сонымен қатар кіріспесінде Қазақстан заңнамасының тарихында алғаш рет ханафи бағытындағы ислам мен православиелік христиандықтың «тарихи рөлі» белгіленген.

Заңның 3-бабында іс жүзінде Қазақстанды зайырлы мемлекет ретінде сипаттауға болатын бірқатар параметрлер белгіленген. Бапта келесілер көрсетілген:

- мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген;
- діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең;
- ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді;
- білім беру мен тәрбиелеу жүйесі зайырлы сипатта болады;
- әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

Ар-ождан бостандығы құқығын сипаттағанда, бапта «*Әркімнің діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы*» делінген. Бұл ретте 1992 жылғы Заңмен салыстырғанда тұжырымның айтарлықтай айырмасы. Сонымен 2011 жылғы Заңның тиісті бабында басқа нанымдарды ұстану құқығы туралы айтылғанымен, бірақ ешқандай дінді ұстанбау немесе қандай да бір наным-сенімдерді ұстанбау құқығы туралы (алдындағы заңда белгіленгендей) айтылмаған. Сонымен қатар Заң атауының өзі де іс жүзінде оның басты бағытын өзгертіп отыр. Бұрынғы Заңда бірінші кезекте ар-ождан бостандығы сөз болса, осы бостандық аясында дін мәселелері реттелсе, қазіргі Заң ең әуелі дін мәселелерін реттеуге бағытталған, ең соңында ар-ождан бостандығы мәселелері қарастырылады.

Отандық құқықтан басқа зайырлылық пен ар-ождан бостандығы мәселелерін реттейтін, Қазақстанда қол қойылып, бекітілген халықаралық құжаттар мен келісімдерді де қарастыруды жөн көріп отырмыз. Алдында айтылған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан басқа, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықар-

---

<sup>23</sup>«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы. Қолжетімді дереккөз: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483>

ралық пактісіне де қол қойылып, бекітілді. Пактінің 18-бабы ар-ождан және дін бостандығы мәселелерін реттейді. Баптың өзі 4 тармақтан тұрады, оның біріншісінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабындағы тұжырым дәлме-дәл қайталанған. Осы баптың 2-тармағына сәйкес «ешкімді де өз таңдауы бойынша дінді немесе наным-сенімді ұстану немесе қабылдау бостандығына нұқсан келтіретіндей мәжбүрлеуге болмайды». 3-тармақта дінді немесе наным-сенім көрсету құқығын шектеу тек қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты қорғау үшін ғана шектелуі мүмкін екендігі айтылған. 4-тармақ, өз кезегінде, қол қойған елдер ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өз балаларына өздерінің сенімдеріне сәйкес адамгершілік және діни білім беру құқығын құрметтеуге міндетті екенін белгілейді.

Сонымен Қазақстанда қазір зайырлы мемлекет құру мен ар-ождан бостандығы қағидатын (атеистік нанымды ұстану құқығын болжайтын) сақтау үшін барлық құқықтық жағдайлар жасалған деген қорытынды жасауға болады. Зайырлылық принципі Конституция деңгейінде де, діни саланы реттейтін жекелеген заңдар деңгейінде де бекітілген. Сонымен қатар Конституцияның, сондай-ақ дін мен мемлекеттің өзара іс-қимылы мәселелері жөніндегі заңнаманың жаңа редакцияларын қабылдаумен байланысты процессті талдау зайырлылық пен ар-ождан бостандығына қатысты тұжырымдардың біртіндеп қалай өзгергенін көрсетеді.

Егер Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясында атеизм мен оны насихаттау құқығы туралы тура айтылғанымен 1993 және 1995 жылдардағы Конституцияларда атеизм туралы ешқандай сөз болмайды. Оның үстіне 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясына қарағанда тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясында да мемлекеттің зайырлылық принципі бекітілген. Кеңестік Конституцияда мойындалған ар-ождан бостандығы құқығы Тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясында да бекітілген. Әйтсе де 1993 жылғы Конституцияда ар-ождан бостандығының нені білдіретіні жайлы түсіндіріліп, анықтамасы берілгенімен, 1995 жылғы Конституцияда мұндай түсініктемелер берілмеген, тек осы құқықты қамтамасыз етумен ғана шектеледі. Бұл діни саланы реттейтін заңдарға да қатысты. Егер 1992 жылғы Заң бойынша кез келген дінді ұстану немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы болса, 2011 жылғы Заңға сәйкес кез келген діни немесе басқа нанымдарды ұстануға құқылы. Әрине «басқа» нанымдар ретінде атеистік нанымдарды да түсінуге де болады, бірақ ешқандай наным-сенімді ұстанбауға мүмкіндік беретін тұжырымның болмауы осы салада біршама қиындықтар тудырып отыр.

Атеистік нанымдарды тарату құқығына қатысты сөз егер болсақ, Кеңестік

Қазақстанның Конституциясында атеистік насихат жүргізуге толықтай құқық берілген. 1993 жылы Конституция да кез келген наным-сенімдерді (оның байыбына жете білу керек, оның ішінде атеистік) тарату құқығын береді. Бірақ 1995 жылы қолданыстағы Конституцияда наным-сенімдерді тарату құқығы қарастырылмаған. Қазіргі уақытта наным-сенімдерді тарату құқығы 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда ғана бекітілген.

Сонымен қатар Конституцияда бекітілген оның ішінде атеистік нанымдарды тарату құқығының іс жүзінде болмауы атеисттердің өз нанымдарын таратқаны үшін қылмыстық қудалауға әкеп соғуы мүмкін. 2013 жылы Риддер қаласында<sup>24</sup> адвокат және құқық қорғаушы Александр Харламовқа қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «өшпенділік тудыру» бабы бойынша қозғалған қылмыстық іс осының жарқын үлгісі бола алады. Ал 2018 жылы<sup>25</sup> Харламовтың әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты оның ісі тоқтатылғанымен, Қазақстанда атеистік наным-сенімдерді таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдар әлі де бар. Сонымен қатар Харламовқа қатысты қылмыстық іс тоқтатылса да, бұл істі қарау 5 жылға созылып, Харламов алты айға жуық Өскемен қаласындағы тергеу изоляторында отырған.

Біздің ойымызша, осыған байланысты зайырлылық, ар-ождан бостандығы мен наным-сенімдерді тарату мәселелері бойынша Қазақстан заңнамасы неғұрлым нақты болуы тиіс және болашақта осы сынды жағдайлар орын алмас үшін өзгерістер енгізуді талап етеді.

## **1.2. Азаматтардың дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатынасы**

Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет екендігіне қарамастан, дегенмен де, мемлекет дінге, діни қатынастар мен діни бірлестіктерге қатысты өз саясатын жүргізеді, бұл зайырлы мемлекет үшін қалыпты болып саналады, себебі, кез келген дін мемлекет азаматтары көпшілігінің өміріне қатысты болады және оның құқықтық алаңында қызмет етеді. Ол діни бірлестіктер қызмет жасай алатын және дінді уағыздау қызметін жүргізе алатын шекті қалыптастырып береді. Осыған байланысты, біздің алдымызда, мемлекеттің дінге және діни қатынастарға қатысты жүргізіліп отырылған саясаты қоғамда қаншалықты қолдауға ие екендігі туралы сұрақ туындады, себебі, осы саясатқа қатысты қоғамдық пікір біздің көзқарасымыз бойынша, оның

---

<sup>24</sup>«Азамттық» радиосы. Қолжетімді дереккөз: <https://rus.azattyq.org/a/arest-pravozashitnika-alexandra-harlamova/24935112.html>


<sup>25</sup>«Азамттық» радиосы. Қолжетімді дереккөз: <https://rus.azattyq.org/a/29209799.html>

нәтижелілігінің куәсі болады.

Респонденттерге оларға дінге және діни қатынастарға қатысты мемлекеттік саясат түсінікті ме, жалпы осы саясатты қолдау немесе қолдамау туралы, сонымен қоса, дін саласындағы биліктің жекелеген шаралары мен шешімдерін мақұлдауы немесе мақұлдамауы туралы сұрақтар қойылды. Одан өзге, біз аталған сұрақтарды түрлі кескінде қарастырамыз, сол арқылы түрлі топтардың жауаптары арасындағы айырмашылық анық байқалады. Жекелей алғанда, бұл респонденттердің Құдайға қатынасы бойынша, респонденттердің өз діни/сенімі адамдарымен өзін-өзі сәйкестендіруі бойынша, сонымен қоса, респонденттердің тұрғылықты қаласы мен материалдық жағдайына қарай тәуелділігі бойынша кескіндер.

Респонденттердің үштен екіден көп бөлігі (72,1%) үшін мемлекет жүргізіп отырған діни саясат белгілі бір түрде түсінікті (Диаграмма 1.2.1. қараңыз): олардың 29,4% үшін аталмыш саясат толықтай түсінікті, ал 42,8% үшін дұрысы түсініктірек. Респонденттердің бестен бірі үшін (20%) мемлекеттік діни саясат дұрысы түсініксіз деуге болады. Респонденттердің тек 4,2% үшін мемлекеттік діни саясат мүлдем түсініксіз.

*Диаграмма 1.2.1. – СІЗГЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН САЯСАТЫ ТҮСІНІКТІ МЕ? (респонденттердің жалпы санынан %)*



Аталмыш сұрақты қалалар бөлінісі бойынша қарастырар болсақ, онда дін саласындағы мемлекеттік саясат түсініксіз респонденттердің аса көп үлесі Жаңаөзенде (14,4%) тұратын байқауға болады. Қалған қалаларда аталмыш саясат түсініксіз респонденттер саны 5,5% аспайды. Сонымен бірге, атап өтерлігі, дінге қатысты саясат толықтай түсінікті немесе дұрысы түсініктірек деп жауап берген респонденттердің үлесі әр қалада 50% көп (Кесте 1.2.1. қараңыз).


ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

Кесте 1.2.1. – СІЗГЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН САЯСАТЫ ТҮСІНІКТІ МЕ? (қалалар кескінінде)

Қатынас	Алматы	Ақтау	Жаңаөзен	Қостанай	Рудный	Шымкент
Толықтай түсінікті	23,7%	33,9%	36,6%	20,1%	33,3%	32,3%
Түсінікті деуге болады	55,3%	25,2%	24,8%	45,5%	42,4%	57,3%
Түсініксіз деуге болады	18,3%	33,9%	23,8%	20,5%	12,6%	9,3%
Толықтай түсініксіз	1,7%	5,3%	14,4%	5,0%	0,5%	0,7%
Жауап беруге қиналамын	1,0%	1,7%	0,5%	8,9%	11,1%	0,3%

Егер де мемлекеттік саясатты түсінуді Құдайға қатынас призмасы арқылы қарастырар болсақ, онда аталмыш саясат толықтай түсініксіз деп жауап берген респонденттердің ауқымды көлемі атеистер яғни, Құдай жоқ екендігіне сенетіндердің (13,5%). арасында көп екендігін байқауға болады. Қалған топтар арасында мұндайлардың үлесі 6,5% көп емес. Сонымен бірге, «нағыз атеистер» тобының арасында сұраққа жауап беруге қиналғандардың ең жоғары үлесі тіркелген (24,3%). Өз кезегінде, дінге қатысты саясат толығымен түсінікті респонденттердің аса көп мөлшері Құдайдың бар екендігіне сенетіндердің арасында байқалады (38,5%; Диаграмма 1.2.2. қараңыз).

Диаграмма 1.2.2. – СІЗГЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН САЯСАТЫ ТҮСІНІКТІ МЕ? (Құдайға қатынас бөлінісі бойынша)




Егер де сұрақты респонденттердің өзін-өзі сәйкестендіру бөлінісі бойынша қарастыратын болсақ, онда қызық жағдайды байқауға болады. Өздерін тұрақты түрде өз сенімі мен дінінің адамдарымен сәйкестендіретін респонденттер арасында дінге қатысты мемлекеттік саясат толықтай түсінікті және дұрысы түсініктірек деп санаушылардың үлесі 80% құрайды. Оның ішінде 30,4% үшін бұл саясат толықтай түсінікті, ал шамамен жартысы үшін дұрысы түсініктірек (48,8%). Өз кезегінде, аталмыш саясат толығымен түсініксіз респонденттер үлесі 1,5%, ал саясат дұрысы түсініксіздеу деп санайтындар үлесі – 17%.

Алайда, өзін ешқашан өз сенімі немесе діні адамдарымен сәйкестендірмейтін респонденттер арасында дінге қатысты мемлекеттің саясаты толықтай түсінікті деп санаушылардың саны 18,6% құраса, ал, түсініктіге қарағанда көбірек түсініксіздеу деп санаушылар үлесі үштен бірін құрайды (33,3%). Сонымен бірге, аталмыш сұраққа респонденттердің 10,1% жауап беруге қиналған. Одан өзге, респонденттердің осы тобының арасында аталмыш саясат толықтай немесе дұрысы түсініктірек деп санаушылардың үлесі ең төменгі көрсеткішке ие - 38%.

Егер де өздерін сирек өз сенімі мен дінінің адамдарымен сәйкестендіретін респонденттер тобы туралы айтар болсақ, онда олардың дінге қатысты мемлекеттік саясатты түсінуі өзін тұрақты түрде өз сенімі/ дінімі адамдарымен сәйкестендіретіндер мен өзін ешқашан өз сенімі/ діні адамдарымен сәйкестендіретіндер ортасында орналасқан (Диаграмма 1.2.3. қараңыз).

*Диаграмма 1.2.3. – СІЗГЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН САЯСАТЫ ТҮСІНІКТІ МЕ? (өз сенімі/ діні адамдарымен өзін-өзі сәйкестендіру бөлінісі бойынша )*






## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

Респонденттер тарапынан дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдау мәселесіне келер болсақ, онда келесідей жағдайды байқауға болады. Респонденттердің үштен екісінен көбі (67,3%) дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдайды. Олардың 24,4% аталмыш саясатты толықтай қолдаса, ал 42,9% дұрысы қолдайтындықтарын білдірген. Респонденттердің 18,7% аталмыш саясатты дұрысы қолдамаса, ал 4,7% толықтай қолдамайтындықтарын білдірген. Респонденттердің 9,4% аталған сұраққа жауап беруге қиналған (Диаграмма 1.2.4. қараңыз).

*Диаграмма 1.2.4. – ЖАЛПЫ СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН САЯСАТЫН ҚОЛДАЙСЫЗ БА НЕМЕСЕ ҚОЛДАМАЙСЫЗ БА? (% респонденттердің жалпы санынан)*



Қалалар бөлінісі бойынша, Шымкент пен Алматыда дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі аса жоғары екендігін байқауға болады. Шымкентте осы саясатты респонденттердің 94% қолдайды. Осы тұста, саясатты дұрысы қолдамайтындар саны – 5%, ал толығымен қолдамайтындар саны 1% аз. Алматыда мемлекеттік саясатты қолдаушылардың саны Шымкентпен салыстырғанда біршама аз және 77,7% құрайды. Сонымен бірге, респонденттердің 15,7% аталған саясатты дұрысы қолдамаса, ал, респонденттердің 3,3% толығымен қолдамайды.


Сонымен қатар, дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдамайтын респонденттердің аса көп үлесі Ақтау және Жаңаөзен секілді Маңғыстау облысының қалаларында байқалады. Мысалы, Ақтау біздің зерттеу жүргізілген қалалардың ішіндегі дінге қатысты саясатты қолдамайтындардың үлесі аталған саясатты қолдаушылардың үлесінен асып түсетін жалғыз қала (сәйкесінше 49,8% және 43,8%). Қолдаушылардың ішінде 23,9% саясатты толықтай қолдаса, 19,9% дұрысы қолдайды.

Дінге қатысты саясатты толықтай қолдамайтын респонденттердің ең көп үлесі Жаңаөзен қаласында байқалады (15,8%; 27,7% дұрысы қолдамай-

ды). Алайда, Жаңаөзенде қолдаушылар үлесі қолдамайтындардың үлесінен басым болғанымен, дегенмен де, мемлекеттік саясатты қолдамайтындардың үлесі зерттеу жүргізілген өзге қалалармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.

Өз кезегінде, дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдау туралы сұраққа жауап беруге қиналған респонденттердің ең көп үлесі Қостанай облысының қалалары Қостанай мен Рудныйда байқалады. Мысалы, Қостанайда респонденттердің 27,4% аталған сұраққа жауап бере алмаған, ал Рудный қаласында 14,6%, ал басқа қалаларда жауап беруге қиналғандар үлесі 6,5% аспайды (Диаграмма 1.2.5. қараңыз).

Диаграмма 1.2.5. – ЖАЛПЫ СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН САЯСАТТЫҢ ҚОЛДАЙСЫЗ БА НЕМЕСЕ ҚОЛДАМАЙСЫЗ БА? (қалалар бөлінісінде)



Егер де аталған сұрақты Құдайға қатынас бөлінісі бойынша қарастыратын болсақ, онда бұл жерде Құдайға сенетіндер мен Құдайға сенбейтіндердің арасында айтарлықтай айырмашылық байқалады. Бұл жағдайда дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдаушылар Құдайға сенуге қатысты нақты ұстанымы жоқ топтар арасында көбірек (агностиктер; қолдаушылар үлесі 78,2%). Саясатты қолдаушылардың ең аз саны Құдай жоқ (атеистер) дегенге сенетіндер арасында байқалады – 37,8%. Олардың арасында келесідей көр-


## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

сеткіштер бойынша үлестер ең жоғары: мемлекеттік саясатты толығымен қолдамайтындардың үлесі – 16,2%, жауап беруге қиналғандар үлесі – 35,1%. Ал басқа топтардағы толығымен қолдамайтындардың үлесі 5,5%, жауап беруге қиналғандар үлесі – 11% аспайды.

Бір қызығы, егер де жалпы дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдамайтындар тобын қарастыратын болсақ (толықтай қолдамайтындар мен дұрысы қолдамайтындар), онда олардың үлесі нағыз теистер мен нағыз атеистер (қарама-қарсы екі шек) арасында көп: нағыз теистер арасында 27,7% және атеистер арасында 27%.

Ал ауытқулы пікірдегі теистер мен атеистерге қатысты айтар болсақ, бұл топтар арасында дінге қатысты мемлекеттік саясатқа қанағаттанбау байқалмайды. Аталған екі топ арасында саясатты қолдау сәйкесінше 67,7% және 68,8% құрайды. Осы екі топ арасындағы қолдамайтындар саны шамамен бірдей – сәйкесінше, 21,2% және 18,8%. Сонымен қоса, мұндайлар ауытқулы пікірдегі теистер арасында ауытқулы пікірдегі атеистерге қарағанда біршама көп (Диаграмма 1.2.6. қараңыз).

*Диаграмма 1.2.6. – ЖАЛПЫ СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН СЯСАТЫН ҚОЛДАЙСЫЗ БА НЕМЕСЕ ҚОЛДАМАЙСЫЗ БА? (Құдайға қатынас бөлінісі бойынша)*




Респонденттердің діни өзін-өзі анықтауы бойынша кескінде өз сенімі/ діни адамдарымен өзін сәйкестендіретіндер мен бұлай мүлдем жасамайтындар арасында айтарлықтай айырмашылық көрінеді (Диаграмма 1.2.7. қараңыз). Мысалы, дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдамайтындардың

аса көп үлесі өз сенімі/діні адамдарымен өзін ешқашан сәйкестендірмейтіндердің арасында байқалады (29,5% дұрысы қолдамайды, 11,6% толығымен қолдамайды). Респонденттердің осы тобында жауап беруге қиналғандардың ең жоғары үлесі байқалады (29,5%).

Сонымен бірге, өз сенімі/діні адамдарымен өзін тұрақты түрде сәйкестендіретіндер арасында керісінше қолдаушылардың ең жоғары үлесі тіркелген (49,9% дұрысы қолдайды, 27,5% толығымен қолдайды).

*Диаграмма 1.2.7. ЖАЛПЫ СІЗ МЕМЛЕКЕТТИҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН САЯСАТЫН ҚОЛДАЙСЫЗ БА НЕМЕСЕ ҚОЛДАМАЙСЫЗ БА? (өз сенімі/діні адамдарымен өзін-өзі сәйкестендіру бойынша бөліністе)*




Өз сенімі/діні адамдарымен өзін-өзі сирек сәйкестендіретін респонденттер мұны тұрақты түрде жасаушылар мен мұны ешқашан жасамағандар арасындағы ортаңғы орынға орналасқан. Олардың 21% дінге қатысты мемлекеттік саясатты толықтай қолдаса, 37,4% дұрысы қолдайды. Ал, 25,9% дұрысы қолдамайды, 6,6% толығымен қолдамайды.

Аталған сұрақты респонденттердің тұтынушылық әлеуеті бойынша кескінде қарастыра отырып, ерекшеліктерді байқауға болады (Диаграмма 1.2.8. қараңыз). Жекелей алғанда, азық-түліктің өзіне ақша жетпейтін респонденттер арасында олардың жартысынан көбі дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдамайды. Олардың 40,2% дұрысы қолдамаса, ал 11,6% толықтай қолдамайды. Сонымен қоса, респонденттердің 42% аталған саясатқа қолдау білдіреді. Сонымен бірге, мемлекеттік саясатты қолдайтын респондент-

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

тердің басым көпшілігі ұзақ мерзімді қолданыстағы заттарды қиындықсыз сатып алуға қабілетті топ арасында байқалады (75%; 51,9% дұрысы қолдайды деуге болады және 23,1% толықтай қолдайды).

*Диаграмма 1.2.8. – ЖАЛПЫ СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН САЯСАТЫН ҚОЛДАЙСЫЗ БА НЕМЕСЕ ҚОЛДАМАЙСЫЗ БА? (тұтынушылық әлеумет бөлінісі бойынша)*




Жоғарыда аталып өткендей, сұралғандардың 72% үшін дінге қатысты мемлекеттік саясат түсінікті болса, 67% оған қолдау білдіреді. Одан әрі мемлекеттік діни саясатты жүзеге асыру барысында жүргізілетін жекелеген бастамаларды қарастырамыз (Диаграмма 1.2.9.).

Сауалнама және жауаптар нәтижелерінің сараптамасы көрсеткендей, әртүрлі әлеуметтік топ респонденттерінде бір-бірінен ерекшеленетін бағалаулар қалыптасқан. Биліктің кейбір бастамалары негізінен респонденттердің басым көпшілігінен қолдауға ие болса, ал кейбіреулері айтарлық айқын қолдауға ие болмаған. Мысалы, респонденттердің басым көпшілігі негізінен келесідей шараларды қолдайды: халықтың рухани өмірі мен мәдениетті дамытудағы исламның ханафиттік мазхабының және православияның тарихи рөлін мойындау (54,4%), дін тарату қызметін қатал бақылау (50,2%). Респонденттердің салыстырмалы көпшілігі діни әдебиеттерді таратуға қатал бақылау жасауды қолдайды (45,8%).

Сонымен қатар, саясаттың өзге бағыттары бойынша біркелкі қолдау жоқ. Мысалы, респонденттердің салыстырмалы көпшілігі білім беру мен денсаулық сақтау мемлекеттік нысандарында ғибадат бөлмелеріне (43,8%),

мемлекеттік мекемелер мен әскери бөлімдерде ғибадат бөлмелеріне (43,3%) тыйым салуды қолдамайды.

*Диаграмма 1.2.9. – СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН КЕЛЕСІДЕЙ ШАРАЛАРЫНА (ШЕШІМДЕРІНЕ) ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (% респонденттердің жалпы санынан)*



Ал мектеп бағдарламасындағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты пәнге қатынасы туралы айтар болсақ, осы сұрақ бойынша респонденттер пікірі шамамен теңдей бөлінді, қолдамайтындардың үлесі шамалы ғана басымдыққа ие. Сонымен бірге, респонденттердің төрттен бірі (26,1%) аталған бастамаға бейтарап қатынас танытты, бұл көрсеткіш барлық бастамаларға бейтараптықтың ең жоғары көрсеткіші болып саналады. Биіктің өзге бастамаларына респонденттердің 22,5% және 23,3% аралығындағы үлесі бейтараптық танытты. Респонденттер исламның ханафиттік мәзһабының және православияның тарихи рөлін мойындауы (19%), дін тарату қызметін қатал бақылау (17,8%) мәселелеріне қатысты азырақ бейтараптық танытты.

Респонденттердің 3,9% және 5,5% аралығындағы үлесі дінге қатысты мемлекеттік саясат шеңберіндегі биіктің бастамалары туралы ешнәрсе білмейді. Білім беру мен денсаулық сақтау мемлекеттік нысандарында ғибадат бөлмелеріне (3,9%) тыйым салу туралы «білмеу» ең төменгі деңгейге ие. Ре-

спонденттер арасында мектеп бағдарламасында «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты пәннің болуын «білмеу» деңгейі ең жоғары (5,5%).

Егер де аталған сұраққа жауаптар нәтижесін қалалар кескіні бойынша қараса, қызықты көріністі байқауға болады (Кесте 1.2.2. қараңыз). Біріншіден, жалпы сипатта Жаңаөзен өте қатты ерекшеленеді. Бұл қалада респонденттердің шамамен жартысы (46,5%) халықтың рухани өмірі мен мәдениетін дамытудағы исламның ханафиттік мәзхабының және православияның тарихи рөлін мойындауды қолдамайды. Респонденттердің үштен екісі (64,9%) дін тарату қызметін қатал бақылауды қолдамайды. Осы ретте Жаңаөзен қаласының шамамен жобалас респонденттер тобы діни әдебиеттерді таратуды қатал бақылауды қолдамайды (39,1%) немесе бейтарап қатынас (40,1%) танытады.

Екіншіден, Алматы және Шымкент секілді республикалық маңызы бар қалаларында биліктің жекелеген бастамалары өте ауқымды қолдауға ие. Жекелей алғанда, респонденттердің сәйкесінше 78,3% және 91,7% үлесі халықтың рухани өмірі мен мәдениетін дамытудағы исламның ханафиттік мәзхабының және православияның тарихи рөлін мойындауы. Сонымен қоса, РМҚ респонденттері дін тарату қызметін қатал бақылауды (69,7% және 86,3% сәйкесінше), сонымен бірге, мемлекеттің діни әдебиеттер таратуын бақылауды қолдайды (58% және 71,7% сәйкесінше).

Алматыда респонденттердің жартысы мектеп бағдарламасына «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты пәннің енуін қолдайды. Сонымен бірге, екі қалалар арасында айырмашылық бар. Мысалы, Шымкентте респонденттердің көпшілігі білім беру мен денсаулық сақтау мемлекеттік нысандарында (70%), мемлекеттік мекемелер мен әскери бөлімдерде (65,7%) ғибадат бөлмелеріне тыйым салу керек деп санайды, ал, Алматыда мұндай тыйымды респонденттердің тек төрттен бірі ғана қолдайды.

Үшіншіден, Рудный қаласында мемлекеттік саясат шараларына қатысты қоғамдық пікір қалыптаспаған: респонденттердің бірдей үлесі мемлекеттің көрсетілген барлық бастамаларын қолдайды, қолдамайды және бейтарап қатынас білдіреді. Өзге қалалармен салыстырғанда, Рудныйда басымдыққа ие болатын бірде бір көрсеткіш жоқ. Одан өзге, Рудный қаласында биліктің барлық бастамаларына бейтарап қарайтын респонденттердің ең жоғары үлесі тіркелген.

Кесте 1.2.2. – СІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДІНИ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН КЕЛЕСІДЕЙ ШАРАЛАРЫНА (ШЕШІМДЕРІНЕ) ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (% қалалар бөлінісі бойынша)

Шаралар/Шешімдер	Алматы	Ақтау	Жаңаөзен	Қостанай	Руаный	Шымкент
<i>Халықтың рухани өмірі мен мәдениетін дамытудағы исламның ханафиттік мазхабының және православияның тарихи рөлін мойындауы</i>						
Мақұлдаймын	78,3	44,5	31,2	37,0	27,3	91,7
Мақұлдамаймын	12,3	28,9	46,5	25,4	23,2	1,7
Немқұрайлы қараймын	8,0	24,6	21,8	26,1	32,8	6,3
Бұл туралы білмеймін	1,3	2,0	0,5	11,6	16,7	0,3
<i>Дін тарату қызметін қатаң бақылау</i>						
Мақұлдаймын	69,7	29,6	22,8	46,9	30,8	86,3
Мақұлдамаймын	19,0	45,2	64,9	17,5	23,7	4,0
Немқұрайлы қараймын	10,0	23,9	11,9	24,4	32,8	7,0
Бұл туралы білмеймін	1,3	1,3	0,5	11,2	12,6	2,7
<i>Білім беру мен денсаулық сақтау мемлекеттік нысандарында гибадат бөлмелеріне тыйым салу</i>						
Мақұлдаймын	22,7	19,6	23,3	12,9	28,3	70,0
Мақұлдамаймын	60,3	48,5	48,5	54,8	29,3	17,7
Немқұрайлы қараймын	15,7	30,6	27,7	23,4	29,3	12,3
Бұл туралы білмеймін	1,3	1,3	0,5	8,9	13,1	-
<i>Мемлекеттік мекемелер мен әскери бөлімдерде гибадат бөлмелеріне тыйым салу</i>						
Мақұлдаймын	25,0	21,3	28,7	9,6	27,3	65,7
Мақұлдамаймын	53,7	51,5	41,6	59,7	30,8	17,3
Немқұрайлы қараймын	20,0	25,6	28,7	22,1	29,8	16,3
Бұл туралы білмеймін	1,3	1,7	1,0	8,6	12,1	0,7
<i>Діни әдебиетті таратуды қатаң бақылау</i>						
Мақұлдаймын	58,0	25,2	19,8	53,8	33,8	71,7
Мақұлдамаймын	24,0	47,8	39,1	16,5	24,7	11,7
Немқұрайлы қараймын	17,0	25,6	40,1	19,8	28,8	16,0
Бұл туралы білмеймін	1,0	1,3	1,0	9,9	12,6	0,7
<i>Факультативті курс ретінде мектеп бағдарламасында «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты пәнінің болуы</i>						
Мақұлдаймын	50,0	30,2	38,6	24,1	22,2	21,3
Мақұлдамаймын	32,0	39,9	26,2	42,9	30,3	46,0
Немқұрайлы қараймын	16,0	27,9	33,7	19,5	32,3	32,0
Бұл туралы білмеймін	2,0	2,0	1,5	13,5	15,2	0,7



Респонденттердің Құдайға қатынасы тарапынан алғанда, оған сенетіндер мен оған сенбейтіндер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігі байқалады. Мысалы, ауытқулы пікірдегі теистер мен атеистер, агностиктер арасында ханафиттік ислам бөлімінің және православияның тарихи рөлін мойындауды қолдаушылар көп. Сонымен бірге, нағыз теистер арасында мұндайлар үлесі 50% аз босла, олардың төрттен бірі (26,2%) аталмыш шараны қолдамайды. Нағыз атеистер осы шешімге бейтараптық қатынас танытады (43,2%), ал олардың төрттен бірі осы шараны қолдайды. Осыған ұқсас жағдай дін тарату қызметін қатал бақылау шарасына қатысты да қалыптасты.

Білім беру мен денсаулық сақтау мекемелеріндегі, сонымен бірге, мемлекеттік мекемелер мен әскери бөлімдердегі ғибадат бөлмелеріне тыйым салуға қатысты айтар болсақ, теистердің (нағыз және ауытқушылары) аталмыш шараны қолдамайтындығы басым (сәйкесінше 43,5 және 49,6%). Осы екі топтағы қолдаушылардың саны 22,5% және 29,1% аралығында. Агностиктер мен ауытқулы пікірдегі атеистер негізінен аталмыш шараларды қолдайды (48,4% және 68,8%). Алайда, нағыз атеистер арасында осы шараларды қолдаушылар саны аса көп емес – 8,1% мен 10,8%. Сонымен бірге, олардың үштен бірі аталған шараны қолдамайды, салыстырмалы басым көпшілігі (43,2% және 45,9%) оларға бейтараптық танытты (Қосымша 1).

Сонымен бірге, атап өтерлігі, жоғарыдағы мәселелердің ешқайсысында ұрпақаралық алшақтық байқалмайды. Көрсетілген мемлекеттік саясаттың шаралары бойынша барлық жастық топтағы респонденттер жауаптары өзара жобалас болды (ауытқу 5–6% көп емес).

Қорытындылай келе, шешімдер мен кейбір қызықты ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Біріншіден, респонденттердің басым көпшілігі үшін дінге қатысты мемлекеттік саясат түсінікті. Ол әсіресе нағыз және күмәнданушы теистер үшін және өз діні/сенімі адамдарымен өзін жиі сәйкестендіретін топтар үшін аса түсінікті. Ол сонымен бірге, күмәнданушы атеистер мен агностиктер үшін де жеткілікті түсінікті, сонымен қатар, нағыз атеистер арасында респонденттердің жартысынан көбі осы саясатты нашар түсінеді не болмаса оны толықтай түсінбейді (олар өздерін оны жүзеге асырушы нысан ретінде қарастыруы ықтимал). Ол өз діні/сенімі адамдарымен ешқашан өзін-өзі сәйкестендірмейтін респонденттердің басым көпшілігі үшін де түсініксіз.

Екіншіден, нағыз атеистер тобынан өзге дінге қатысты мемлекеттік саясатты қолдау барлық топ үшін тән. Олар оны әлі қолдамайды немесе оларда оған деген қалыптасқан қарым-қатынас жоқ (жауап беруге қиналғандардың саны). Осы ретте, аталған сұрақта қалалар арасында айырмашылық пайда болды. Мысалы, Маңғыстау облысы қалаларында зерттеу жүргізілген өзге

қалалармен салыстырғанда мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі ең төменгі көрсеткішке ие. Сонымен бірге, облыс орталығы Ақтауда мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі 50% аз, ал қолдамау деңгейі қолдау деңгейінен жоғары (жауаптар осылай орналасқан жалғыз қала). Жаңаөзенде зерттеу жүргізілген барлық қалалармен салыстырғанда мемлекеттік саясатты толықтай қолдамаудың ең жоғары деңгейі байқалады. Қостанай облысы қалаларында, Қостанай мен Рудный, мемлекеттік саясатты қолдау немесе қолдамау туралы сұраққа жауап беруге қиналғандардың ең жоғары деңгейі тән. Сонымен қоса, тұтынушылық потенциалы көрсеткіштері бойынша респонденттер арасындағы аса үлкен айырмашылық анықталды: күндерін әрең көріп жүргендер арасында мемлекеттік саясатты қолдаудың ең төменгі деңгейі тән, ал қолдаудың ең жоғары деңгейі ұзақ мерзімді заттарды қиналмай алатындарға тән (орта топ).

Үшіншіден, нағыз және ауытқулы пікірдегі атеистер мәдениет пен руханилықтың дамуындағы ханафиттік бағыттағы ислам пен православияның тарихи рөлін қолдайды. Одан өзге, осы топтар дін тарату қызметі мен діни әдібиеттер таратуды қатал бақылауды қолдайды. Сонымен бірге, мемлекеттік мекемелердегі, білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінде, әскери бөлімдерде ғибадат бөлмесіне тыйым салуды қолдамайды. Нағыз атеистер өз кезегінде, биліктің жекелеген шаралары мен шешімдеріне бейтарап қатынаста болуы мүмкін немесе қолдамайды. Биліктің жекелеген шаралары мен шешімдерін қолдаудың ең жоғары деңгейі Шымкентте, ал ең төменгі деңгейі Жаңаөзен қаласына тән.

### **1.3. Зайырлылықты сақтай отырып**

Тұрғындардың зайырлылық және зайырлы мемлекет қағидасына қатынасы аталмыш қағиданың іс-жүзінде, қоғамдық өмірде сақталуын сипаттайтын көрсеткіштің бірі болып саналады. Қазақстанның заң бойынша зайырлы мемлекет мәртебесі, сонымен бірге, ар-ождан, дін ұстану мен діни наным-сенім бостандығына кепілдік бекітілгендігіне қарамастан, дегенмен де, де-юре және де-факто өзара ееркшеленуі мүмкін. Егер қоғам зайырлылық қағидасын орынды және қалыпты нәрсе ретінде қабылдасамаса, онда бұл діни азшылықтың да, ешқандай діни наным-сенім ұстанбайтындардың да қоғамдық өмірінде белгілі бір мәселелер туындатуы мүмкін.

Осыған байланысты, бізде мемлекет жариялаған зайырлылық және ар-ождан еркіндігі қағидаларын қоғам қалай қабылдайды деген сұрақ туындады. Зерттеу шеңберінде респонденттерге мемлекет пен діни саланың әре-

кеттесуінің қандай моделі оларға жақын (1), олар қоғамдық және саяси өмірде діннің белгілі бір нақты көріністеріне қалай қарайды (2), олар атеистік сенімдердің таратылуы мысалында зайырлы мемлекет қағидасына қалай қарайды (3) деген сұрақтар қойылды. Аталған сұрақтар, біздің көзқарасымыз бойынша, зайырлы мемлекет қағидасы Қазақстанның қалалық ортасында қаншалықты қолдауға ие екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекет пен діннің өзара әрекеттесу және зайырлы мемлекет қағидасын қамтамасыз ету моделі туралы сауалнама сұрақтарын біз А.Т.Куру мақаласы негізінде құрастырдық, ол секуляризмнің мемлекеттік саясатының 2 моделін бөліп көрсетеді: белсенді және бәсең секуляризм. Ол аталған екі модель практикада қалай көрініс табатындығын сипаттаған, сонымен бірге, осындай модельдер қызмет атқарып жатқан мемлекеттер мысалын келтірген. Белсенді секуляризм (қоғамдық салада діннің көрініс табуын шектеу) және бәсең секуляризм (діннің қоғамдық салада көрініс табуына шектеудің жоқтығы, бірақ, діннің мемлекет істеріне араласуына жол бермеу) сипаттарын білдіретін жауаптар нұсқаларынан бөлек, біз клерикализмнің 2 мазмұнын білдіретін жауап нұсқаларын енгіздік. Клерикализм бұл діни құндылықтар қоғам өмірінің негізі ретінде бекітіледі, сонымен бірге, қоғамдық-саяси өмірде діни институттар рөлін күшейту жүзеге асыралады. Бұл мынадай жағдайлар, (1) мемлекетте заңдарға, соттарға, білімге әсер етпейтін, мемлекеттік дін бекітіледі (мысалы, Грекия мен Тунис) және (2) мемлекеттің қоғамдық өмірінің барлығы діни шеңберде болады, ал, заң шығару, сот және білім беру жүйесі діни құқыққа негізделеді (тоекратиялық мемлекеттер, яғни, Иран, Ватикан, Сауд Арабиясы).

Диаграммадан 1.3.1. көрініп тұрғандай, респонденттердің жартысынан көбі (61,7%) секуляризм мен зайырлы мемлекетті қолдаушылар болып табылады. Оның ішінде респонденттердің 44% үшін бәсең секуляризм моделі жақын, ол бойынша, мемлекет діннің қоғамдық салада көрініс табуын шектемейді, бірақ, діннің мемлекет ісіне араласуына жол бермейді. Респонденттердің 17,7% белсенді секуляризм моделін қолдайды, ол бойынша, мемлекет діннің қоғамдық салада көрініс табуын қатаң шектейді (діни жоралғыларды бұқаралық жасауға мүмкіндік бермейді).

Өз кезегінде, қалалықтардың басым көпшілігін, төрттен бірін (27,9%) – «қалыпты клерикалдарға» жатқызуға болады, олар дін ресми мәртебеге ие болуы керек, бірақ, заң шығару, сот жүйесі мен білім беру жүйесіне ешқандай ықпал етпеу керек екендігін көрсеткен. «Нағыз клерикалдар» саны респонденттер арасында аса көп емес, 6,3%, олардың пікірінше, қоғамдық өмірдің барлығы діни шеңберде шегінде болуы, ал сот жүйесі, заң шығару мен білім беру діни құқыққа негізделуі керек.

Диаграмма 1.3.1. – СІЗГЕ ҰСЫНЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ҚАЙСЫ МОДЕЛІ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БАРЫНША САЙ КЕЛЕДІ? (% сұралғандардың жалпы санынан)



Осы сұрақты респонденттердің дінге қатынасы кескінінде қарастыру айтарлықтай қызықты болады. Осы көрсеткіш бойынша респонденттер 3 негізгі топқа бөлінген: атеистер, мұсылмандар және православиеліктер. Өзге діни топ өкілдері ескерілмеді, себебі, барлық респонденттердің арасында олардың саны өте аз (топтарға бөлу респонденттердің сауалнаманың «Сіз өзіңізді қандай дінге жатқызасыз?» деген сұрағына алынған жауаптар негізінде жасалды). Қосымша барлық топтар «Докинз шкаласы» арқылы және барлық діннің негізгі сұрағы «өлімнен кейінгі өмірге» сену мәселесі бойынша олардың түсініктері арқылы сарапталды.

Өз кезегінде, мұсылмандар мен православиеліктер осылайша шартты түрде 3 топқа бөлінді: нағыз, номиналды және символикалық<sup>26</sup>. Нағыз мұсылмандар мен православиеліктер – бұл барлық діни жоралғылар мен рәсімдерді тұрақты түрде орындаушылар. Номиналды мұсылмандар мен православиеліктер – бұл діни жоралғылар мен рәсімдерді сирек орындайтындар. Символикалық мұсылмандар мен православиеліктер – бұл діни жоралғылар мен рәсімдерді ешқаншан да орындамайтындар. Атеистер осы сұрақтың призмасы арқылы қарастырылмады, себебі, оларда жоралғылар мен рәсімдер секілді құрауыштар болмайды. Көрсетілген топтар кескініндегі жауаптардың орналастырылуы келесідей сипатқа ие (Диаграмма 1.3.2. қараңыз).

<sup>26</sup> Атап өтерлігі, бұлар авторлық анықтамаларға жатады және тек зерттеу нәтижелерін сипаттауда қолданылады.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

Көріп отырғанымыздай, барлық топтағы респонденттердің жартысынан көбіне белсенді және әсіресе айқын басымдыққа ие бәсең секуляризм жақынырақ. Сонымен бірге, дінді ұстанушы мұсылмандар мен православиеліктер арасында секуляризмды ұстанушылардың үлесі ең төмен және клерикализмді ұстанушылардың үлесі ең жоғары. Атап өтерлігі, дінді ұстанушы мұсылмандар арасындағы респонденттердің 12% (барлығынан ең жоғары) барлық қоғамдық өмір діни шеңбер аясында болғандығын, ал, сот, заң шығару мен білім беру шариятқа негізделуін қалайды. Дін ұстанушы православиеліктер арасында мұндай көрсеткіш 6,5%, номиналды мұсылмандар арасында – 6%, ал символикалық топ арасында – 2,8% құрайды.

*Диаграмма 1.3.2. – СІЗГЕ ҰСЫНЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ҚАЙСЫ МОДЕЛІ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БАРЫНША САЙ КЕЛЕДІ? (дінге қатынас бөлінісі бойынша)*



- Мемлекет қоғамдық салада діннің көрінісін қатаң шектеуі керек
- Мемлекет діннің қоғамдық салада көрінісін шектемеуі керек, бірақ діннің мемлекет істеріне араласуына жол бермеуі керек
- Дін ресми мәртебеге ие болуы және көптеген құжаттарда аталуы керек, бірақ заңдарға, сот шешімдеріне және білім беру жүйесіне әсер етпеуі керек
- Бүкіл қоғамдық өмір діни шеңберде болуы керек, ал сот шешімдері, заңдар мен білім беру процесі діни құқыққа/шариятқа негізделуі керек
- Жауап беруге қиналамын

Сонымен бірге, нағыз клерикализмнің қолдаушылары символикалық және номиналды православиеліктер арасында толығымен жоқ, бірақ, атеи-

стер (2,4%) арасында көрініс табады (аз мөлшерде болса да). Бірақ бұл топтарда белсенді және бәсең секуляризм қолдаушыларының пайызы аса жоғары.

Белсенді секуляризмды қолдау атеистер үшін көбірек тән (29,3%). Бірақ, бір қызығы, атеистердің төрттен бірі (22%) сұраққа жауап беруге қиналған (өзге топтар арасында жауап беруге қиналушылар үлесі 6% көп емес).

Егер сұрақты қалалар кескіні бойынша қарастырар болсақ, онда бірнеше қызықты жайттар байқалады. Біріншіден, шағын қалаларда (Рудный мен Жаңаөзен) белсенді секуляризмді қолдаушылардың аса көп мөлшері байқалады (респонденттердің төрттен бірі шамасында). Рудныйда фокус-топтық пікірталас барысында көптеген респонденттер қоғамдық салада діншілдіктің көрініс табуы дұрыс емес деген пікір білдірді.

Екіншіден, Ақтауда респонденттердің төрттен бірі (22,9%) клерикализмнің нағыз қолдаушылары болып табылады: олардың мұншалықты көп көлемі басқа ешқандай да қалада байқалмайды (Кесте 1.3.1. қараңыз).

*Кесте 1.3.1. – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ӨЗАРА ІС ҚИМЫЛЫНЫҢ ҰСЫНЫЛҒАН ҮЛГІЛЕРІНІҢ ҚАЙСЫСЫ СІЗГЕ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ БОЛЫП КӨРІНЕДІ? (% қалалар бөлінісінде)*


<b>Модельдер</b>	<b>Алматы</b>	<b>Ақтау</b>	<b>Жаңаөзен</b>	<b>Қостанай</b>	<b>Рудный</b>	<b>Шымкент</b>
Мемлекет қоғамдық салада діннің көрінісін қатаң шектеуі керек	15,3	16,9	25,7	13,2	24,7	15,3
Мемлекет діннің қоғамдық салада көрінісін шектемеуі керек, бірақ діннің мемлекет істеріне араласуына жол бермеуі керек	52,3	35,9	38,6	48,2	42,9	44,0
Дін ресми мәртебеге ие болуы және көптеген құжаттарда аталуы керек, бірақ заңдарға, сот шешімдеріне және білім беру жүйесіне әсер етпеуі керек	28,0	22,6	30,7	23,8	21,7	39,3
Бүкіл қоғамдық өмір діни шеңберде болуы керек, ал сот шешімдері, заңдар мен білім беру процесі діни құқыққа/шариғатқа негізделуі керек	3,3	22,9	4,5	1,7	2,0	1,3
Жауап беруге қиналамын	1,0	1,7	0,5	13,2	8,6	0,0

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

Респонденттердің тұтынушылық әлеуеті бөлінісі бойынша қызықты жағдайды байқауға болады. Аз қамтылған респонденттер арасында (азық-түлікке ақша жетпейтіндер мен киім-кешек сатып алу қиындық туғызатындар) барлық қоғамдық өмір діни шеңбер шегінде болуын қалайтын нағыз клерикализм қолдаушылары өте көп (сәйкесінше 10,7% және 15,1%). Сонымен бірге, аталған осы екі топ арасында мемлекет діннің қоғамдық өмірде көрініс табуын қатаң шектеуін қалайтын белсенді секуляризмді қолдаушылардың саны көп (сәйкесінше 23,2% және 22,3%). Нағыз клерикализмді қолдаушылардың ең аз көлемі өзіне тамақ пен киім-кешекті сатып алуға қабілетті, бірақ, ұзақ мерзімді қолданыстағы заттарды сатып алу қиындық туғызатын (5%) және ұзақ мерзімді қолданыстағы заттарды сатып алу қиындық туғызбайтын (3,4%) респонденттер тобында тіркелді.

Ең жақсы қамтылған топ өкілдері арасында респонденттердің 8,6% клерикализмнің нағыз қолдаушылары болып табылады, бұл аз қамтылғандар тобын есепке алмаған жағдайда басқа топтар арасында жоғары көрсеткіш. Одан өзге, олардың арасында өзге топтармен салыстырғанда қалыпты клерикализмді қолдаушылардың саны аса жоғары (32,1%). Сонымен бірге, аталмыш топта секуляризмді (белсенді және бәсен) қолдаушылардың саны жартысынан көп болғанымен, дегенмен де, өзге топтарға қарағанда аз (54,6%) (Диаграмма 1.3.3. қараңыз).


### *Диаграмма 1.3.3. – СІЗГЕ ҰСЫНЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ҚАЙСЫ МОДЕЛІ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БАРЫНША САЙ КЕЛЕДІ? (тұтынушылық әлеует бөлінісі бойынша)*



- Мемлекет қоғамдық салада діннің көрінісін қатаң шектеуі керек
- Мемлекет діннің қоғамдық салада көрінісін шектемеуі керек, бірақ діннің мемлекет істеріне араласуына жол бермеуі керек
- Дін ресми мәртебеге ие болуы және көптеген құжаттарда аталуы керек, бірақ заңдарға, сот шешімдеріне және білім беру жүйесіне әсер етпеуі керек
- Бүкіл қоғамдық өмір діни шеңберде болуы керек, ал сот шешімдері, заңдар мен білім беру процесі діни құқыққа/шаригатқа негізделуі керек
- Жауап беруге қиналамын

Жас бойынша бөліністе респонденттер топтары арасындағы айырмашылық тек нағыз клерикализм қолдаушыларының санынан басқа жағдайда аса айқын емес. Мұндайлар саны 50 жастан ересек респонденттер арасында 50 жастан кіші респонденттер тобымен салыстырғанда 2 есе аз. Секуляризмді қолдаушылар, сонымен бірге, қалыпты клерикализмді қолдаушылар саны респонденттердің арасында барлық жас топтары бойынша шамамен бірдей (Диаграмма 1.3.4. қараңыз).

Диаграмма 1.3.4. – СІЗГЕ ҰСЫНЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ҚАЙСЫ МОДЕЛІ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БАРЫНША САЙ КЕЛЕДІ? (жас бөлінісі бойынша)



Осылайша, сарапталған барлық топ респонденттерінің басым көпшілігі секуляризмді қолдаушылардың қатарында, бұл, мемлекет зайырлылығы қағидасын қолдайтындығын білдіреді. Дегенмен де, респонденттердің ауқымды бөлігі қалыпты және нағыз клерикализмге бет бұрады.

Халықтың зайырлы мемлекет қағидаларын қабылдауын нақтырақ зерттеу үшін біз респонденттерге зайырлылық көрсеткіші қызметін атқаратын бірнеше пайымдамалармен



## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

олардың келісетіндігі немесе келіспейтіндігіне қатысты қосымша сұрақтар қою туралы шешім қабылдадық. Барлық пайымдамалар клерикалды сипатқа ие болды, сәйкесінше, олармен келісу клерикализмге бейімділікті білдірсе, олармен келіспеу секуляризм мен зайырлылыққа бейімділікті білдіреді. Пайымдамалар діни негізде саяси партиялар құру, заң қабылдауға діннің ықпалы, мектептерде, оқу орындары мен мемлекеттік органдарда хиджаб кию, сабақ алдында намаз оқу, діни мектептердің қызмет атқаруы, қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерінің болуы, сот шешімдерін шығаруда діни құқықтар/шариғат ережелерін басшылыққа алу деген сұрақтарға қатысты болды. Жауап нәтижелері келесідей сипатта: (Диаграмма 1.3.5. қараңыз).

*Диаграмма 1.3.5. – СІЗ КЕЛЕСІ ПАЙЫМДАМАЛАРМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ НЕМЕСЕ КЕЛІСПЕЙСІЗ БЕ? (% сұралғандардың жалпы санынан)*



Диаграммадан көрініп отырғандай, респонденттердің көпшілігі сауал-

намада көрсетілген қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерін ұйымдастыру мәселесінен басқа пайымдамалардың барлығымен дерлік келіспейді. Респонденттер Қазақстанда мемлекеттік дін болуы керек (68%) деген пайымдама келіспеушіліктің ең жоғары көрсеткішіне ие. Сот шешімін шығарарда діни құқық/шариғат нормаларын басшылыққа алынуы керек деген мәселемен келісушілердің үлесі аз (65,2%). Сонымен қоса, респонденттердің басым көпшілігі (64%) мектепте сабақ басталар алдында намаз оқылуына келіспейді.

Мемлекеттік мекемелерде хиджаб кию және мектептер мен оқу орындарында хиджаб кию бойынша шектеулерді респонденттердің сәйкесінше 61,4% және 60,9% қолдаған. Өз кезегінде, респонденттердің 60% келесі мәселелер бойынша өздерінің келіспеушіліктерін білдірген: заң шығаруға діннің ықпал етуі (58,4%); Қазақстанда діни негізде саяси партиялардың құрылуы (56,5%); жалпы білім беретін мектептермен қатар діни мектептердің жұмыс жасауы (52,9%). Сонымен бірге, қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерін ұйымдастырудың қажет екендігіне респонденттердің 57,2% келіскен.

Бір қызығы, респонденттің дінге қатынасы бөлінісі бойынша қарайтын болсақ, атеистердің арасында да дінді ұстанушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерін ұйымдастыру мәселесімен келісетіндер бар (36,6%). Сонымен қатар, бұл мәселемен атеистердің 41,5% келіспесе, ал 22% осы сұраққа жауап беруге қиналған. Жалпы, атеистердің 10% сауалнамада көрсетілгеннің барлығымен келісетіндігін білдірсе, ал дінге сенетіндердің арасында мұндай көрсеткіш айтарлықтай жоғары.

Дін ұстанатын мұсылмандар арасында көрсетілген пайымдамалардың барлығымен дерлік келісетіндердің үлесі ең жоғары (Диаграмма 1.3.5. қараңыз). Қазақстанда мемлекеттік дін болуы керек деген пайымдамамен келіспейтіндер саны келісетіндер санынан көп болған жалғыз пайымдама (50,3% келіспейді, 42,9% келіседі). Оның үстіне, сот шешім шығаруда діни құқық/шариғат нормаларын басшылыққа алу керек деген (47,9% келіседі, 47,2% келіспейді), және мектептер мен оқу орындарында хиджаб киюге ешқандай шектеу болмау керек (48,7% келіседі, 47,6% келіспейді) деген пайымдамаларда дін ұстанушы мұсылмандардың пікірі теңдей екіге бөлінді.

Номиналды және символикалық мұсылмандарға келер болсақ, олардың арасында дінді ұстанатын мұсылмандармен салыстырғанда аталған пайымдамалармен келісушілер саны әлдеқайда аз. Номиналды және символикалық мұсылмандардың көпшілігі келіскен жалғыз нәрсе ол – қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерін ұйымдастыру туралы пайымдама. Номиналды және символикалық мұсылмандардың тек үштен бірі ғана қалған пайымдамалар-

мен келіседі (діни мектептердің қызмет жасауы туралы пайымдамадан басқа, оны номиналды мұсылмандардың 35% келіседі). Номиналды және символикалық мұсылмандардың пікірлері арасында айтарлықтай айырмашылық байқалады: ағалмыш пайымдамамен келісу деңгейі номиналды мұсылмандарға қарағанда символикалық мұсылмандар арасында төмен.

Православиелік қалалық тұрғындар арасында осыған ұқсас жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, дін ұстанушы православиеліктердің көпшілігі мемлекеттік діннің болуы туралы, мемлекеттік мекемелерде хиджаб кию туралы, сот шешімін шығарарда діни құқықтар/шариғат нормаларын қолдану туралы пайымдамалардан өзгелеріне толықтай келіседі. Бұл топта мектептер мен оқу орындарында хиджаб кию туралы пікір теңдей екіге бөлінген (келісушілер мен келіспейтіндердің үлесі 45,7%). Өз кезегінде номиналды православиеліктер көзқарастары бойынша кейбір мәселелерде аз ғана айырмашылықтарына қарамастан номиналды мұсылмандардан еш ерекшеленбейді. Символикалық православиеліктердің нәтижелері атеистер нәтижелеріне өте қатты ұқсайды. Осы топта атеистерге қарағанда пайымдамалардың көпшілігімен келісетіндердің саны біршама көп болғанымен, дегенмен де, жауап беруге қиналған атеистердің аса көп көлемі жағдайында сұрақтардың көпшілігімен келіспеушілер саны шамамен біркелкі (Қосымша 2 қараңыз).

Осы сұрақты қалалар бөлінісі бойынша қарастырсақ, онда ағалмыш пайымдамалармен келісудің ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысының қалалары Ақтау мен Жаңаөзенде байқалады. Ақтау қаласы респонденттерінің басым көпшілігі діни негіздегі саяси партиялар құру және қоғамдық орындарда ғибадат бөлмелерін ұйымдастыру мүмкіндігі туралы пайымдамалармен келіседі. Сонымен қоса, мұнда діннің заң шығаруға қатысуынан ешқандай да жамандық көріп тұрған жоқ. Сот шешімін шығару барысында діни құқықтар/шариғат нормаларын қолдану туралы және мемлекеттік діннің болуы туралы пайымдамаға қатысты Ақтау қаласындағы келісушілер мен келіспеушілердің бірдей саны қалыптасты. Мұнда Қазақстанда мемлекеттік дін бекіту қажеттілігі туралы пікірмен келіспейтіндер діни құқықтар/шариғат ережелерін қолдану туралы пайымдамалармен келісушілерден сәл ғана көп болды. Сонымен бірге, Ақтау респонденттері көп жағдайда жалпы орта мектеппен қатар қызмет жасайтын діни мектептерді, мекептерде намаз оқу, мемлекеттік органдар, мектептер, оқу орындарында хиджаб кию мәселелерін қолдамайды.

Жаңаөзенде діннің заң шығаруға ықпалы және қоғамдық орында ғибадат бөлмелерін ұйымдастыру туралы екі пайымдамадан басқа жағдайда

келісушілер көлемі келіспеушілер көлемінен асып түседі. Мектептер мен оқу орындарында хиджаб тағу бойынша шектеудің жоқтығы туралы келісушілер мен келіспейіндер саны теңдей екіге бөлінді, енді Ақтаумен салыстырғанда келісушілер саны көп.

Пайымдамалармен келіспеушілердің басым көпшілігі Қостанай, Рудный және Шымкент қалаларында байқалады. Рудныйда респонденттердің басым көпшілігі көрсетілген ұсыныстардың ешқайсысына ешқандай қолдау білдірмесе, Қостанай мен Шымкент қалаларының респонденттерінің басым көпшілігі қоғамдық орындарға ғибадат бөлмесін ұйымдастыру қажеттілігі туралы пайымдамамен келіседі (Қосымша 3 қараңыз).

Жас ерекшелігі бойынша қарастырақ болсақ, жас топтарында айтарлықтай айқын айырмашылық байқалмайды. Барлық жас топтарында пайымдамалардың барлығымен келісетіндер мен келіспейтіндердің саны бірдей, сәл ғана артықшылық келіспеушілер жағында (қоғамдық орындар ғибадат бөлмесін ұйымдастыру туралы пайымдамадан басқа). Сонымен бірге, 31-49 жас тобында өзге топтарға қарағанда (30 жасқа дейінгі және 50 жастан үлкен) келісушілер саны біршама төмен. Бірақ, діни негіздегі саяси партияны құру және заң шығаруға діннің әсер етуі туралы пайымдамалар осы жас тобында басқа топтарға қарағанда келісушілер саны керісінше бірнеше есе көп болған жағдайлар қатарына жатады (Қосымша 4 қараңыз).


Жоғарыда атап өткендей (п.1.1. қараңыз), ар-ождан бостандығы құқығы, сонымен бірге, өз сенімдерін тарату құқығы (соның ішінде діни немесе атеистік) зайырлы мемлекетті құрайтын негізгі құрауыштарының бірі. Қазақстан заңнамасы аталған құқықтарды жүзеге асыру үшін барлық қажетті құқықтық жағдай жасайды. Сонымен қатар, аталған құқықтарды жүзеге асыруға халықтың көзқарасы нормативті актілерде бекітілгеннен біршама ерекшеленуі мүмкін. Сондықтан біз респонденттерге сұрақты зайырлылық қағидасына қалай қарайтындығы туралы емес, атеистік сенімді таратуды білдіретін өз сенімдерін тарату құқығын жүзеге асыруға қалай қарайтындығы туралы сұрақ қойдық. Сұрақ респонденттер жай ғана абстрактілі түрде өз сенімдерін тарату құқығын бағалауды білдірмейді, қайта өзін қоршаған адамдарының бірі атеистік сенімді таратумен айналысып жатуы мүмкін болжамдық жағдайда бола отырып, баға беруін қамтамасыз ететіндей құрастырылды. Осы сұраққа жауап нәтижелері Диаграммада 1.3.6. көрсетілген.

Көріп отырғанымыздай, респонденттердің шамамен жартысы (48,3%) өз ортасы адамының тарапынан атеистік сенімді белсенді таратумен айналысуына бейтарап қарайды. Сонымен бірге, респонденттердің біршама көп бөлігі (40,7%) бұл нәрсеге теріс қарайтын еді: 22,3% өте теріс және 18,4%

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН АТЕИЗМ

теріс деуге болады. Респонденттердің тек 7,5% ғана атеистік сенімді таратуға оң қатынас білдіреді, оның ішінде 3,9% оң деуге болады және 3,6% оң. Респонденттердің 3,6% ғана қойылған сұраққа жауап беруге қиналған.

*Диаграмма 1.3.6. – ЕГЕР СІЗДІҢ ТАНЫСЫҢЫЗ АТЕИСТІК КӨЗҚАРАСТЫ БЕЛСЕНДІ ТАРАТУМЕН АЙНАЛЫСЫП БАСТАСА, СІЗ БҰҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (% сұралғандардың жалпы санынан)*




Осы сұрақты респонденттің дінге қатынасы бөлінісі бойынша қарастыратын болсақ, дінді ұстанушы және номиналды мұсылмандар тобынан басқа барлық топта атеистік сенімді таратуға бейтарап қатынас басымдыққа ие екендігін бақылауға болады. Сонымен қатар, бұл жағдайға бейтарап қатынас атеистердің өзінің ортасында басымдыққа ие, олардың 48,8% өз ортасы жағынан атеистік сенімді таратуға бейтарап қарайтын болса, тек 29,3% оң қатынас білдіреді (19,5% оң, 9,8% оң деуге болады). Символикалық православиеліктер (74%), номиналды православиеліктер (65%), символикалық мұсылмандар (60,6%) өз ортасында атеистік сенімді таратуға бейтарап қарар еді.

Атеистердің біраз бөлігі өздерінің дүниетанымы осы тақырыптағы көп ізденістерінің нәтижесінде немесе достарымен және таныстарымен қарым-қатынас жасау арқылы қалыптасқанын айтады, «бәлкім, достарыммен әңгімелесу менің қазіргі уақытта Құдай жоқ деген және т.т. пікірімнің қалыптасуына түрткі болған шығар». Бірақ біз сауалнама жүргізген респонденттердің ішінде атеистік дүниетанымға ғылыми немесе арнайы әдебиеттерді оқу, ғылыми фильмдерді көру арқылы келгендерінің саны аз. Атеистердің көпшілігі әдебиетті немесе тақырып бойынша басқа ақпаратты оқымаған, тіпті оны тереңрек тануға да тырыспаған.

**Жас ерекшелігі**, атеистердің өздерін алғаш атеист ретінде сезінген жас ерекшелігі әрқайсысында әртүрлі. Атеистердің біразы Құдайға сенбейтінін ерте жастан бала кезінен, шамамен 6-7 жаста түсінген. Көбінесе Құдайға деген сенімнің жоқтығын бірінші рет 13-16 жас аралығындағы жасөспірім кезінде сезінен. Атеистердің біршама бөлігінің мұндай көзқарастағы дүниетанымы 20 жылдан кейін қалыптасқан. Бұл ретте респонденттердің ешқайсысы атеизмге есейген шағында келгенін көрсетпеген. Осыған сүйене отырып, көптеген адамдарда атеистік наным-сенімдердің қалыптасуы жас кезде, 30 жасқа дейін болады деген қорытынды жасауға болады.

**Атеизмнің мәнін анықтау.** Атеизмнің не екенін түсіндіруге келетін болсақ, респонденттердің көпшілігі бұл терминге беретін басты мағына Құдайға сенбеу екенін атап өтеді, «Мен Құдайға мүлде сенбеймін, бұл қандай

да бір ойдан шығарылған кейіпкер деп ойлаймын». Сонымен қатар біз сұхбат алған әрбір атеист бұл терминге қатысты өзінің қосымша мағыналарын да беріп жатты.

Кейбіреулер үшін атеизм - бұл «фанатизмнің» болмауы мен өмірге және кейбір нәрселерге деген еркін көзқарас, «Діндарлар өздері «дүниелік» нәрседен бас тартады, мысалы астың бәрі бір делік, бірақ мұсылмандар шошқа етін жемейді. Мен олардың пікірімен келіспеймін, дінге бола мен өзіме ұнайтын заттан бас тарта алмаймын», «Өз басым атеизмді жеке бостандық формасы деп білемін», «Былайша айтқанда, өмір сүру қарапайым, жеңіл және еркін. Ештеңеге тәуелді емессің. Құдайға да, дінге де». Басқалар үшін бұл ғылыми дүниетаным, «Шын мәнінде мен біз физикалық заңдарға бағынамыз, физика бар, химия бар, ал табиғат физикалық және химиялық реакциялардан тұрады деп есептеймін. Мен біз бағынатын жалғыз заң бұл тартылыс күші және барлық физикалық заңдар деп есептеймін. Олардың діни бірдеңені сіңіріп жатқаны, менің ойымша, бұл әлі де адамдарды, жай тобырды басқару, олардың миын улау деп білемін». Басқалар үшін атеизмнің жанама мағынасы – өз күшіне сену, өзіне және өзінің мүмкіндіктері мен іс-әрекетіне сену, «Атеистер басқа біреудің көмегіне емес, өздеріне көбірек сенеді және ешбір гажайыпқа сенбейді», «Мен тек өзіме ғана, өзімнің жеке іс-әрекетімнің көрінісіне ғана сене аламын деп есептеймін», «Бәлкім, атеист болу оңай да шығар, әлдебір Жоғары күштің бары мен әлдебір дұғаларға сенбеу, білмеймін мүмкін көбінесе өзіңе және өзіңнің күшіңе көбірек сену керек шығар».

Атеистердің біразы олардың пікірінше, адам қалай пайда болды деген сұраққа адам эволюция нәтижесінде пайда болды деп жауап берген: «Микроб пайда болады, осылайыныша пайда болады. Эволюция болып жатыр, болып жатыр. Мүмкін біз бір кездері маймыл немесе ит немесе балық болған шығармыз, мүмкін микроб та болған шығармыз. Эволюция бірнеше жүз мың жыл бойы жүріп жатыр, эволюция әлі де жалғасып жатыр». Әйтсе де көптеген атеистер адамның пайда болуына қатысты экзотикалық гипотезаларды да айтқан, «бәлкім, жоғарыда тұрған біреу бар шығар, бірақ менің ойымша, бұл Аллаһ немесе Құдай емес, тіпті өзге галамишарлық та болуы мүмкін. Шынымды айтсам, мен адам маймылдан пайда болды деген пікірді ұсынған Дарвинге де сенбеймін», «Егер сіз философтарды тыңдасаңыз, олар әлдебір ғарыштық жоспар бар деп есептейді, мүмкін біз бір жерде жасанды жолмен жаратылған шығармыз».

Сонымен бірге біздің сауалнамаға қатысқан респонденттер атеизм ұғымын негізінен табиғаттан тыс нәрселерге сенудің болмауы деп түсінеді деп те айтуға келмейді. Кейбір сұхбатқа қатысқандар дүниетанымның дұрыстығына толық сенімді емес және болашақта «Құдайға және дінге келетінін» жоққа шығармайды, «Мен Құдайға 100% сенбеймін деп айтпаймын, бірақ мен

*әлі ол жолға келген жоқпын», «Мен қазірі менің пайымым дұрыс деп санаймын. Мүмкін 10 жылдан кейін менің пікірім өзгертін шығар. Мүмкін мен мұсылман болармын, мүмкін христиан боламын. Мүмкін мен буддист болып қалармын. Оны кім білсін?!». Бұдан өзге біз сұхбат алған атеистердің кейбірі басқа да табиғаттан тыс құбылыстарға, мысалы, тағдырға, аян беретін түстерге, халық ырымдарына, қарғыс пен сиқырға (дуа, қара/ақ сиқыр) сенеді, «Иә, мен тағдырға сенемін, бұл сөзбен айтып жеткізе алмайтын нәрсе, оған нақты жауап бере алмаймын», «Мен тағдырға сенемін, мен сиқырға, әр түрлі қарғысқа сенемін. Олар сиқырлы рәсімдер жасайды, бұл да әсер етеді, мен оның қалай екенін білмеймін, бірақ ол да әсер етеді».*

Көптеген атеистер өлгеннен кейін оларды не күтіп тұрғаны туралы ойламауға да тырысады. Көптеген адамдар табиғи физикалық процесс («шіру») болады деп болжайды. Тиісінше, көпшілігі олардың қалай жерленетінін ойламайды. Біреулер кремацияға ниет білдірсе, енді бірі үшін өлгеннен соң қалай жерлесе де оған бәрібір, «Маған бәрібір, керек десе, билесін», «Өлген соң маған бәрібір, мәйіт көшеде жатып қалмас үшін жерлесе болды, керегі тек сол, өлгеннен кейін маған бәрібір».

**Атеистердің қоршаған ортамен өзара байланысы.** Әрбір атеисттің отбасымен де, қоғаммен де қарым-қатынасының өзіндік тарихы бар. Бұл топтағы респонденттердің жартысына жуығы олардың отбасы өз сенімдерін сабырлықпен, ешқандай қысымсыз қабылдағанын, ал кейбір атеистер үшін отбасы мүшелері де дінсіз адамдар екенін атап өтті. Олар тек сенуші отбасы мүшелерінің неліктен атеизмге келгені туралы сұрақтар қойғанын атап өтті, «алғашында «неге?» деген сұрақтар да туған. Не үшін? қалай?», бірақ сіз оларға өте қарапайым түрде түсіндіресіз, олар бұған араласпайды», «Мен ешқандай зорлық-зомбылық көрсетілді деп айтпаймын, жалпы олар қалыпты түрде қабылдады, ешқандай айыптау немесе бас тарту болмады, менде мұндай сезім болмады».

Атеистердің келесі бір тобы дінге байланысты жақын туыстарымен арада кикілжің болғанын айтады, «Олар жай ғана дастарқан басында отырды, мен мойындадым. Бұл отбасында шағын кикілжің тудырды, тіпті біраз уақытқа достарымен бірге тұруға да тура келді», «Туыстарым қабылдамады. Олар ұзақ уақыт мені сендіруге, идеалистік күштердің бар екенін дәлелдеуге тырысып бақты, бірақ олардың бұл әрекетінен ештеңе шықпады». Сондықтан кейбір респонденттердің туыстарының жағымсыз реакциясынан неліктен қорыққаны да түсінікті болды: «Әлдебір қорқыныш сезімі болды, аздап қорқыныш болды. Бәлкім, бұл сирек кездесетін де шығар. Бұлай қабылданбаған емес, өте сирек». Ал кейбір атеистер тіпті отбасы мүшелеріне өз көзқарастары туралы мүлде айтпаған.

Көптеген атеистердің ортасы әртүрлі, онда атеистер де, агностиктер де, діндарлар да бар. *«Әрине, агностик достар бар, атеистер де бар. Әрине, намаз оқитындар да, сыныптастары да бар, христиандар да аз емес»*. Сондықтан да болар, басқалармен сөйлескенде олар дін және атеизм мәселелерін қозғамауға тырысады, *«бізде Құдай туралы, оның бар-жоқтығы туралы мұндай пікірталас жоқ, сондықтан кейде бір шыныаяқ кофе немесе аздап шарап үстінде бір сөз қылуымыз мүмкін, бірақ көбінесе өзімізді жеке өмірімізді немесе соған ұқсас нәрселерді талқылаймыз»*, *«не себепті екені біз мұндай тақырыпты қозғамаймыз»*.

Атеистердің бақылауынша, олар бейтаныс адамдармен танысқанда, әдетте, олардың сол немесе басқа дінге жағатындары негізінен этникалық шығу тегі бойынша анықтап та жағады: *«Олар мені мұсылман деп ойлап, мұсылман екен деп қалады. Қазақсың ба, ендеше мұсылмансың деген сөз. Олар осылай ойлайды»*, *«Менің сырт келбетім таза қазаққа келгенімен, мені ешкім ешқашан атеист деп ойламайды»*. Сонымен қатар респонденттер дінге және Құдайға деген көзқарасы туралы айтқанда, діндарлар тарапынан түсінбеушілікке тап болған кездерінің болғанын да айтады: *«Мен мұны басқа адамдарға түсіндіре бастағанымда, бұл олар үшін жат, олар мұны түсіне бермейді. Мен адамдарға өзімнің көзқарасымның қандай екенін бірнеше рет түсіндіргім де келді, олар мұны түсінбейді және бұл туралы сөз қыла бастады, әйтсе де бұл жалпы талқылауды қажет етпейді»*.

Сұхбатқа қатысқандар бірнеше рет діни адамдардың оларды сендіруге тырысып, дүниетанымына ықпал еткен жағдайларына тап болған: *«Олар мені сендіре бастады, өйткені олар өз дініне тым қатты беріліп кеткен»*. Кейбір атеистер *«ораза ұстамағаны үшін»* өздерін талқыға салғанын, тіпті өздерінің атеистік наным-сенімі үшін басқа адамдар тарапынан қысымға ұшырағаны жайлы айтады: *«Қарт адамдар сені қалай тәрбиелеген деп қолдарын бір сілтеп, ата-анаңа сөз тигізіп, таспен атқандай болған кездер де болған, өте ыңғайсыз жағдай. Қаншама сөз айтылды, оларға жауап қатуға тура келді. Аулаға шықсам, олар маған лақтыру үшін тас алатын. Өйткені мен орамал тартпаймын, бәрі мен мұндайға сенбеймін деген өз пікірімді айтқанымнан басталды. Осылай балаларға жаман тәрбие бересің, содан кейін олар маскүнем, өтірікші болады деп те айтып жатты»*.

Бірақ, жалпы, атеистердің көпшілігі діндар адамдармен тіл табысу оңай екенін атап өтеді. Басқа адамдардың діндарлығы атеистік көзқарастарды сабырмен қабылдап, өз пікірін таңуға тырыспаса, олар үшін бұл қарым-қатынас пен достыққа кедергі болмайды. Бірақ олардың көбісі айналасындағы адамдар Құдай туралы тым көп айта бастағанда немесе өздерінің діни сенімдерін таңып жатқанда, *«Таңуға тырысатын, өз дінін білмейтін адамдар менің*

шамыма тиеді», «Адам үнемі осылай айта бастаса менің шамыма тиеді. Біздің мектепте үнемі «Алла саған жар болсын» деп жүретін осындай бір қыз болды, әріптесім болды, бұл, Алла туралы үнемі айта беру менің шамыма тиетін».

Өз кезегінде атеистер әдетте басқа адамдардың дүниетанымын өзгерту үшін ықпал етуге тырыспайтынын айтып, «Мен діндар адамды өзі сенетін нәрсенің жоқтығына және оның шындыққа жанаспайтындығына сендірмеймін. Яғни, бұл – адамның жеке шекарасы деген сөз. Бұл әр адамның – өз еркінде». Бірақ олардың кейбіреулері дін және атеизм тақырыбында басқа адамдармен дауласып та жатады: «Даулар болды, бірақ мен оларды өте агрессивті деп айта алмаймын. Бірақ олар орынды болды, мүмкін басымырақ болды, бірақ олар агрессивті емес еді». Өз сенімін еркін және ашық білдіру қабілеті атеистер үшін өте маңызды, өйткені бұл – жеке бас бостандығының бір түрі, «Менің ойымша, бұл өте маңызды. Бұл тұрғыда, менің ойымша, бұл әркім үшін маңызды және бұл жерде тек атеистік нанымдар туралы ғана емес, жалпы кейбір жеке көзқарастар туралы, әр адамның өз пікірін білдіру мүмкіндігі болуы керек және әлдекімнің еркіндігі мен шекарасына зияны тимесе, ол адамды сол пікірі үшін талқыға салмау өте маңызды деп ойлаймын», «Мен үшін бұл аса маңызды емес. Мен орнымнан тұрып, «Мен атеистпін!» деп ешкімге жар салмаймын, сенетіні сенеді, ал, мен өзіммен-өзім жүрген жанмын».

**Атеистер мен діни әдет-ғұрыптар.** Сұхбатқа қатысқан атеистердің барлығы дерлік, мысалы, жерлеу және үйлену тойларына, яғни діни рәсімдер өтетін орындарға қатысты іс-шараларға қатысқан немесе әлі де қатысып келеді. Сонымен қатар бұл жағдайда әркім өзін түрліше ұстайды. Кейбір адамдар діни жоралғыларға қатысудан бас тартады (олардың пікірінше, бұл да басқа адамдардың түсінбейтінін немесе талқыға салатынын білдіреді; «неге екені белгісіз, олар мені қанша сөз қылса да, орамал тарта алмаймын»), ал кейбірі оларға қатысып та жатады. Діни рәсімдерге қатысатындар ең кемі екі себеппен бұлай жасайды: басқаларды сыйлағандықтан («Иә, тек адамға сый көрсету үшін. Мен жақын адамдарымның, туыстарымның, ата-анамның жерлеу рәсімдерінде болдым, бұл туралы ата-анам да білді, олар ештеңе деудің қажеті жоқ, туысы гой, бар болғаны сыйластық деді») немесе дау-жанжал тудырғысы келмегендіктен («Негізі, мен де басқалар сияқтымын, елден ерекшеленбес үшін басқалар не істесе соны істеп тұрамын. Бізде тәрбие көрмеген, андай-мұндай деп айтып шыға келетінін түсінесіз гой. Тек ерекшеленбеу үшін, ешкімге ештеңе дәлелдемеу үшін жай ғана сол жерде тып-тыныш тұрасың, бар болғаны – осы»).

**Әлеуметтік болмыстағы атеистер.** Сұхбатқа қатысқан атеистердің барлығы олардың дүниетанымы жұмысқа орналасу немесе мансаптық өсу барысында ешқандай кедергі келтірмегенін айтады, «Мен жұмыста қолайсыз



*жағдай орын алып, ешкімді шектегенін көрмедім», сондай-ақ білім алуға ешқашан кедергі болмағанын атап көрсетеді. Кейбір атеистер мектепте жекелеген мұғалімдер тарапынан діни дүниетанымды қалыптастыру әрекеттері орын алса, онда жоғары оқу орындарында мұндай мұғалімді кездестіргенін атап өтеді, «Мектепте - мүмкін солай болған да шығар, бірақ 100% солай болғаны менің есімде жоқ. Университетте академиялық орта белгілі бір зайырлылықпен ерекшеленеді, бұл университетте мұндай іргелі діни сезімдердің болуына жол бермейді». «Мұның әскерге де қатысы бар. Әскери қызметке алынған мүмкіндігі бар респонденттер әскерде әріптестері тарапынан түсініспеушілікке тап болғанын, бірақ қысым көрсетілмегенін атап өткен. Мүмкін әскерде болған да шығар, бірақ мұны түсіндіру керек, оны кібіртіктеп созбай, оларға түсініксіз терминдерді қолданудың да қажеті жоқ, турасын айтқан жөн». Сонымен қатар кейбіреулер әскери бөлімде, керісінше, діндарлықтың кез келген көрінісін мақұлдамайтынын атап өтеді, «әскери жарғы бар, онда әскер туралы нені білу қажет, саған не істеу керек екеннің бәрі жазылған. Онда жазылмағанның бәрінің сізге қатысы жоқ, жеке өміріңізді өз үйіңізде қалдырыңыз».*

Зерттеу көрсеткеніндей, атеистердің басым көпшілігіне Қазақстанда өмір сүрген қолайлы, олар дінге деген көзқарасына байланысты кемсітушілікке байланысты елден кетуді ойламаған. Тек экономикаға қатысты туындаған себептерге байланысты әлдебіреуі эмиграция жайлы ойлануы мүмкін. Бұл тұста біз сұхбат алғандардың көпшілігінің Қазақстанның зайырлы мемлекет екенін білмегендегі, негізінен «зайырлы мемлекет» дегеннің не екенін білмегендігі таң қаларлық ажит емес. Әйтсе де бұл терминді білмейтіндердің өзі мемлекет тарапынан наным-сенімге байланысты ешқандай кемсітушілікке ұшырамағанын немесе байқамағанын атап өтеді: «Мемлекеттің әлдекімді діни себептермен қудалағанын кездестірмедім, мен мұндай фактілерді ешқашан байқамадым», «Мен әлдекімге шектеу қойғанын да көрмедім».

Бірақ мемлекеттің діни топтарға, сондай-ақ атеистерге тең қарау мәселесіне келсек, біз сұхбат алған атеистердің пікірі екіге бөлінді. Респонденттердің бір бөлігі мемлекет ешкімге айрықша көңіл бөлмейді немесе керісінше, ешкімге діни негізде қысым жасамайды, елдегі барлық діни және діни емес топтарға бірдей қарайды деп есептесе, «Мен ол үшін мемлекет ештеңе жасамайды, бірақ ол бірнәрсе жасауға тиісті емес, ол бәріне тең қарайды деп санаймын», респонденттердің келесі бір бөлігі мемлекет ислам мен мұсылмандарға ерекше көңіл бөледі деп сенімді түрде жауап берген. Бұл ретте кейбір респонденттер мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын толық ұстанбайтынын баса айтады. «Бізде, әсіресе, мұсылмандарға көп басымдық беріледі. Мен тіпті олар одақтас па деп те ойлаймын. Мемлекет діни рәсімдердің нормативтік негізін белгілейді, ал оның орнына дін билік институттарын қолдай-

ды», «*Мешіттерге де көп басымдық беріледі. Өйткені көп жерлерде мешіттер көптеп салынып, ашылып жатыр*».

Қазақстанның жоғары лауазымды тұлғаларының өпшілік алдында сөйлеген сөздерінде және олардың имиджін қалыптастыру кезінде діни тақырыпты пайдалануына қатысты атеистердің көзқарасы әртүрлі. Олардың кейбіреулері саясаткерлер мен мемлекеттік лауазымды тұлғалардың мұндай мінез-құлқын әбден түсінікті және орынды деп есептейді, өйткені қазақстандықтардың көпшілігі өздерін әлдебір діннің өкіліміз деп санайды, тиісінше халықпен ортақ тіл табысу үшін олар сондай қадамға барады, «*Өте орынды. Мүмкін көпшілігіміз мұсылман болғандықтан шығар*», «*Әлдебіреуі шынайы сенгендіктен осылай жасаса, ал енді бірі мүмкін олардың пікіріне құлақ асып, өзіне дауыс беру үшін жасайтын да шығар*».

Басқа респонденттерге, керісінше, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың діни тақырыпты пайдалануға тырысатыны ұнамайды, өйткені олардың пікірінше, бұлай болуы мүмкін емес: «*Президент ол халықтың нақты бір қалауын орындайтын тұлға болғандықтан, бәлкім ол діни сарындағы идеяны таратуға тиіс емес*». Президенттің резиденциясы Ақордада 2023 жылы өткен ауызашар сынды оқиғалар да біз сұхбат алған атеистер арасында түрлі пікір туғызды. Кейбіреуі мұны қалыпты деп санайды, «*Иә, бұл қалыпты жағдай. Онда тұрған не бар? Оның еш әбестігі жоқ. Мен талай рет ауызашар жасап, ауызашарларға қатыстым, онда тұрған ештеңе жоқ*» десе, ал енді бірі бұл оқиғаны қабылдамай, тіпті сын айтады, «*Мен бұған қарсымын. Жеке өз басым мен бұған қарсымын. Ауызашар жасағың келсе, жаса, ал оны телдидардан көрсетудің не қажеті бар?*», «*Ой, сұмдық, деңгейіміз тым төмендеп кетті. Ол адамдар үшін ұялып тұрмын, олар аш жүрген жоқ, өздерін тым төмен түсірді*».

Қазақстанда кейбір діни мерекелердің демалыс күні деп жариялануына келетін болсақ, біз сұхбат алған атеистердің түгелдей дерлік оң көзқарас танытады, өйткені олар үшін де бұл күндер демалыс болып саналады: «*Жарайды, мен демаламын. Бұл мүлдем маңызды емес, демалыс күнінің саны артады. Қазақстанда мұсылмандардың да, христиандардың да мерекелерінің тойланғаны жақсы. Діндар адамға мұның пайдасы, олар сонда тойлайды, ал бізге тиер пайдасы - біз демаламыз*». Кейбіреулер тіпті діни мерекелерді өздері де тойлауға дайын. «*Мен қолдаймын. Мүмкін мен өзім де тойлайтын шығармын*». Бірақ бұған екіұшты пікір білдіргендер де болды: «*Менің ойымша, жұмыс күндерін жеңілдету айтарлықтай дұрыс деп санаймын, бірақ діни мерекелерді негізге алу, меніңше, дұрыс емес*».

Діндарлардың немесе атеистердің сезімдерін қорлағаны үшін жауапқа тартылуына қатысты айтар болсақ, респонденттердің көпшілігі бұл үшін қыламыстық жауапқа тартылмауы тиіс деп санайды. Сонымен бірге респон-

денттердің кейбіреулері тура жәбір көрсету фактісі болса, онда әкімшілік жауапкершілікке тартылуы тиіс деп санайды, «Айталық, әкімшілік жауапкершілік болуы мүмкін. Жеңіл-желпі бірдеңе емес. Алдымен қалай болуы қажет екенін түсіндіріп, ескерту жасау қажет. Бірнеше АЕК айыппұл түрінде». Келесі бір бөлігі «сезімдерін қорлағаны үшін емес», тікелей жеке тұлға ретінде адамның өзін қорлағаны үшін жауапқа тартылуы тиіс деп санайды, «Егер жеке тұлға ретінде адамның өзін қорласа, онда жауапқа тартқан жөн, ал діндардың сеніміне қатысты болса, онда олай айту қиынға соғады». Үшінші тобы ешқандай да жауапқа тартылмауы тиіс деп болжайды, «Бұл мені еркіндігімнен, атап айтқанда, кейбір тұста дінді теріске шығару кезінде пікірталас жүргізу барысында қиындық тудыруы мүмкін».

Мектептерде хиджаб кию мен басқа діни атрибуттар тағу туралы айтар болсақ, атеистердің көпшілігі мұны қолдамайды. Сонымен қатар егер кейбіреулері дәлел ретінде балаға таңдау еркіндігін беру қажет деп тапқан, «Менің ойымша, бұл дұрыс емес, бала өскеннен кейін өзі шешім қабылдағаны жөн. 4-5 жасар қыздың хиджап кигені не тәйірі?!», ал енді кейбірі діни атрибуттар тағуды діни тұрғыда насихаттауға жол бермеу керегін айтады, «Менің өз бағамдауымша, бұлған тыйым салу қажет, өйткені діни атрибуттарды тағу өз кезегінде қоғамда діни көңіл-күйді насихаттаудың ашық түрі болып табылады».

Атеистермен жүргізілген сұхбаттарды қорытындылай келе, Қазақстандағы олардың көңіл-күйі жайлы бірқатар тұжырым жасауға болады. Біріншіден, ең әуелі атеистердің басым көпшілігі дін тақырыбы күн тәртібіне қойылмаған зайырлы отбасыларда туып-өскен. Әдетте, отбасы мүшелері, егер олар белгілі бір діни әдет-ғұрыптар мен рәсімдерді аңда-санда, ерекше оқиға орын алған тұста ғана орындаған. Тек санаулы атеистердің отбасы мүшелері ғана аса діндар адамдар болған.

Екіншіден, барлық атеистер жас кезінде: бәлкім бала кезінде, бәлкім жасөспірім шағында, мүмкін 30 жасына дейін атеист болған. Сұхбатқа қатысқан атеистің бірде-біреуі егде тартқан шағында атеист болмаған.

Үшіншіден, атеистердің түгелдей дерлігі атеизм бұл ең алдымен, Құдайға деген сенімнің жоқтығы деген пікірмен келіседі, бірақ көпшілігі бұл ұғымға жанама мағына үстейді. Сонымен қатар біз сұхбат алған атеистердің барлығының діни сана-сезімі жоқ деп те айтуға болмайды, олардың көпшілігі тағдыр сынды ғажайып құбылысқа, халық ырымдарына, сиқырға және т.б. сенеді.

Төртіншіден, сауалнамаға қатысқандардың көбінің отбасы мүшелері олардың атеист екенін асқан байсалдықпен қабылдаған, әйтсе де оларды райынан қайтаруға немесе көзқарасына қалай да ықпал етуге тырысқан. Со-

нымен қатар кейбір атеистер туыстарымен араздасқан, бірақ соңында олардың таңдауымен келіскен.

Бесіншіден, атеистердің көпшілігі өздерінің наным-сеніміне байланысты ешқандай қиындыққа душар бонмаған. Олардың ортасы алуан түрлі, олардың ішінде агностик те, атеист, те, діндарлар да бар. Достар атеистік нанымдарға төзімділік танытады, бірақ діндарлармен қарым-қатынас кезінде дін тақырыбы сөз болмайды.

Алтыншыдан, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас барысында атеистер дін мен атеизм тақырыбында біршама дау-жанжалға тап болады. Негізінен, жаңа танысқан адамдар атеистерді райынан қайтаруға, олардың пікіріне ықпал етуге, олардікі дұрыс емес екенін дәлелдеуге тырысады. Кейбір тұста ашық түрде сынау мен ашық түрде озбырлық көрсету фактілері де орын алып жатады. Бұдан өзге бірнеше атеистер бірқатар адамдардың олардың атеист екенін білгеннен кейін олармен араласпай кеткенін де еске салады.

Жетіншіден, көптеген атеистер өздерінің сенімдерін жарияламауға тырысады, олар тек өздерінен сұрағанда ғана ол туралы айтады. Сонымен бірге көптеген адамдар этникалық шығу тегіне қарап-ақ оларды діндар деп санайтынын айтады.

Сегізіншіден, атеистер мемлекеттің діни сипаты бойынша кемсітушілік саясат жүргізгенін байқамаған. Дегенмен сұхбатқа қатысқандардың айтарлықтай бөлігі мемлекет деңгейінде исламды алға тартуға күш салады деп санайды. Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың діни риториканы қолдануына қатысты атеистердің білдірген көзқарасы да әртүрлі: бірі түсіністік танытып, қолдаса, енді бірі толықтай қарсы. Алайда діни мерекелерді демалыс деп жариялауды атеистердің басым көпшілігі дұрыс қабылдайды.

Қорыта айтқанда, атеистердің ешқайсысы өздерінің наным-сеніміне қатысты қудалаумен байланысты Қазақстаннан көшуді ойламайды. Сұхбат барысында басым көпшілігі оларға Қазақстанда өмір сүрген айтарлықтай қолайлы деп көрсеткен. Сонымен қатар діндарлар тарапынан ашық зәбір көрсету түрінде олардың наным-сенімін қабылдамау фактісінің орын алуы атеистердің әлеуетті түрде кемсітушілік топ болуы мүмкін екенін білдіреді. Атеистердің пікірінше, бұған мемлекет өкілдерінің тарапынан дінге ашық түрде қолдау танытуының артқаны себепші болуы мүмкін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуді қорытындылай келе, қазіргі Қазақстанда мемлекеттің зайырлылық принципі іс жүзінде қалай жүзеге асырылатыны, сондай-ақ бүгінгі таңда атеистердің жағдайы қандай екендігі туралы кейбір тұжырымдар жасауға болады. Біз мемлекетте зайырлы мемлекеттің қағидаттарын толыққанды қамтамасыз ету үшін, оның ішінде ар-ождан бостандығы құқығын іске асыру және атеистер кіретін барлық діни және діни емес топтардың құқықтарын қорғау үшін барлық құқықтық жағдайлар жасалғанын анықтадық. Кітап жазу кезінде қолданылып жүрген заңнама да, Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын қоса алғандағы, күші жойылған нормативтік-құқықтық актілер де – осы құжаттардың барлығында атеистерге және басқа топтарға де-юреге қоғамның толыққанды мүшесі болуға, өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға және қорғауға, сондай-ақ өз нанымдарын таратуға мүмкіндік беретін нормалар бар. Алайда, біз жүргізген зерттеу көрсеткендей, іс жүзінде қазақстандық қоғам заңнамада жазылған зайырлылықтың декларацияланатын принциптерімен толық жүзеге асырмайды және атеистерге әрқашан толерантты көзқарас бола бермейді.

Біздің сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі мемлекет жүргізіп жатқан дінге қатысты саясатты түсінеді және мақұлдайды. Сонымен қатар, бұл саясатты түсіну, сондай-ақ оны мақұлдау өзін сенушілер қатарына жатқызатындар арасында жиі кездеседі. Сонымен бірге, атеистер діни саясатты мақұлдамайды немесе бұл мәселе бойынша пікірі жоқ, бұл олардың өздерін оны жүзеге асырудың объектісі деп санамауына байланысты болуы мүмкін. Биліктің дінге қатысты жекелеген шаралары мен шешімдерін мақұлдау респонденттер тобында өзгешеліктер де байқалады. Мысалы, егер сенімді және тартыншақ теистер ханафи Исламы мен православты дінінің тарихи рөлін мойындауды мақұлдағанмен, бірақ мемлекеттік мекемелер мен білім беру мекемелеріндегі ғибадат бөлмелеріне тыйым салуды келіссе, онда атеистер бұл шараларға немқұрайлы қарайды немесе оларды мақұлдамайды.

Дегенмен, біз сұраған респонденттердің көпшілігі мемлекет зайырлы болуы керек деп санайды. Бірақ сонымен бірге олардың едәуір бөлігі пассивті зайырлылық моделіне жақын, бұл дінді қоғамдық саладан қатаң түрде шығарып тастауды көздемейді және сонымен бірге діннің мемлекет істеріне араласуына жол бермейді.

Респонденттердің төрттен бірінен астамы Қазақстанда мемлекеттік дін болғанын қалайды, сонымен қатар ол заңдарды қабылдауда және білім беру саласына, сондай-ақ сот шешімдерін шығаруға ықпал етпеуге тиіс.

Біздің сауалнамаға қатысқан респонденттердің арасында толық теократиялық мемлекет жақтаушыларының саны көп емес, бірақ респонденттердің едәуір бөлігі сот шешімдерін шығаруда шарифатты қолдануға жол берілетіндігін және діни негізде саяси партиялардың қызметін қамтитын белгілі бір діни пікірлермен келіскен. Зайырлы мемлекет ұстанушыларының ең аз саны тәжірибешілер мен номиналды мұсылмандар арасында, сондай-ақ православты практиктері арасында байқалады. Ең көбі – атеистер мен символдық православтар арасында кездеседі. Сонымен бірге, зерттеу барысында, атап айтқанда, фокус-топтық пікірталастар кезінде біздің сауалнамаға қатысқан респонденттер арасында зайырлылық туралы түсінік өте төмен екендігі анықталды. Көптеген респонденттер мұндай сөзді жиі естімеген, ал егер естіген болса, оған мүлдем басқа мағынада түсініп жүрген.

Егер қазақстандық қалалардағы діни ахуал және діндарлық деңгейі туралы қорытынды жасасақ, сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің басым көпшілігі өздерін мұсылмандарға, қалғандары басқа конфессиялардың өкілдеріне, әсіресе православтарға жатқызғанын байқауға болады. Сауалнама көрсеткендей, атеисттердің саны шамалы және шамамен 4% құрайды. Респонденттердің жартысынан көбі өздерінің шығу тегіне сүйене отырып, белгілі бір конфессияны ұстанады, яғни ата-бабалары осы дінді ұстанған деп негізгі дәлел ретінде аталады. Қалған себептер респонденттер үшін онша маңызды емес. Бірақ бір қызығы, аз қамтылған топтардың респонденттері басқаларға қарағанда белгілі бір дінді саналы түрде таңдауға баса назар аударды. Респонденттер үшін дін туралы ақпараттың негізгі көзі олардың туыстары мен жақындары (достары, таныстары, ата-аналары мен туыстары) болып табылатынын атап өтеміз.

Фокус-топтық пікірталастардың мазмұнын талдау көрсеткендей, 50 жастан асқан респонденттер арасында ең көп айтылған категориялар атеизм мен дін, ал жастар арасында ислам болды. Ересектерге арналған фокус-топтарда Ислам туралы айту христиандық туралы айтудан 2 есе көп болды. Сондай-ақ, 50+ буынының өкілдері хиджаб немесе никаб киетін әйелдер мен қыздарға теріс көзқараспен қарайтыны, оларға жиі сенімсіздік пен ашық жақтырмаушылық сезіледі, ал жастар арасында мұндай әйелдер мен қыздарға деген көзқарас әлдеқайда төзімді екені анықталды. Сонымен қатар, барлық жастағы респонденттер хиджаб пен никабты қазақ әйелдерінің гардеробының дәстүрлі элементтері деп санамайтынын, оларды қоғам мен мәдениетті арабтандыру компоненттері деп атайтынын атап өтті. Осыған байланысты, ФТ қатысушылары талқылау кезінде ифтар емес, ауызашар сөзін жиі қолданғаны қызық болды.

Атеизмге келетін болсақ, ФТ-тың жас қатысушылары ғылыми ате-

изм мемлекеттік идеологияның элементтерінің бірі болған КСРО кезінде өмірінің едәуір бөлігін өткізген аға буын өкілдеріне қарағанда бұл категория туралы аз біледі. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері жастардың (30 жасқа дейінгі) ортасында үлкен жастағы адамдарға қарағанда атеисттердің көп екенін көрсетті. Атеистердің көпшілігі атеистердің өздерімен, сондай-ақ символдық және номиналды православты және символдық мұсылмандармен қоршалғаны табиғи нәрсе. Ең азы – тәжірибешілер мен номиналды мұсылмандар арасында болды.

Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі өз қаласындағы атеистерге деген көзқарас төзімді және тыныш екенін көрсетті. Бірақ сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі елдегі атеистерге деген көзқарас олардың қаласына қарағанда нашар деп есептейтініне назар аудартады. Алайда, сауалнама барысында респонденттерге қойылған қосымша сұрақтар іс жүзінде респонденттердің едәуір бөлігі атеистерге төзімсіз және толеранттық емес екенін көрсетті. Осылайша, респонденттердің 60%-ы қазақстандық қоғамда атеистік көзқарастардың таралуына жол бермеу керектігін атап өтті. Респонденттердің шамамен бірдей саны атеистерге сенушілермен тең дәрежеде өз сенімдерін ашық жариялауға жол бермеу керек деп есептеді, сонымен қатар діндар адамдардың атеистерге қарағанда моральдық және адамгершілік қасиеттері жоғары екендігімен келісті.

Егер атеистердің өздері туралы қорытынды жасасақ, онда олардың едәуір бөлігі көбінесе қоғам тарапынан өз көзқарастары мен сенімдерін түсінбейтініне тап болатынын байқауға болады. Олардың көпшілігі өздерінің сенімдеріне қатысты дау-дамайға, тіпті қақтығыстарға тап болды және мәжбүр болды, ал кейбіреулері тіпті ашық агрессияға ұшырайды. Даулар, қақтығыстар, сондай-ақ сенушілердің атеистерді көндіруге деген табанды әрекеттері соңғылардың өз көзқарастарын жиі жарнамаламауына және бұл туралы бейтаныс адамдар арасында айтпауына әкеледі. Кейбіреулер дін мен атеизм тақырыбын тіпті жақын ортада, достары мен туыстарының арасында сөз қозғамауды жөн көреді. Кейбір атеистер өз тарапынан басқа адамдардың сөзіне қалмауына жол бермеу үшін әртүрлі іс-шаралар барысында белгілі бір діни рәсімдер мен рәсімдерді ресми түрде орындауға мәжбүр. Осы топтағы зерттеуге қатысушылардың пікірінше, мемлекет атеистерді және басқа діни және діни емес қауымдастықтардың өкілдерін кемсітпейді, бірақ соған қарамастан исламды ілгерілетуге ықпал етеді, мұсылмандарға көбірек көңіл бөледі және артықшылықтар береді. Бірақ соған қарамастан, атеистер өздерінің сенімдері негізінде елден эмиграциялау туралы ойламайды.

Осылайша, сауалнамаға қатысқан қала тұрғындарының көпшілігі зайырлылық принципіне қатты берілгенімен және діннің мемлекет істеріне арала-

суын құптамаса да, респонденттердің тағы бір маңызды бөлігі әлі де клерикализмге және зайырлылықтан бастартуға бейім. Сауалнама мен фокус-топтық пікірталастардағы респонденттер жыл сайын сенушілер санының өсуіне және сенбейтіндер санының азаюына баса назар аударғандықтан, уақыт өте келе дін қызметкерлерінің саны арта түседі деп болжауға болады. Қазірдің өзінде респонденттердің жартысынан көбі атеистерге сабырсыздық пен төзбеушілікті көрсетеді, бұл атеистердің өз қалаларындағы атеистерге деген көзқарасын сабырлы және төзімді деп санайтынына қарамастан, олардың сенімдерін ашық білдіруден және таратудан бас тартуымен көрінеді. Бұл зайырлылық принциптеріне сәйкес келмейтіні анық. Атеистердің сенушілер көбінесе олардың көзқарастарын өзгерту үшін оларға қысым көрсетуге тырысады немесе оларды ашық түрде айыптайды деген дәлелдері бұған қосымша дәлел болып табылады.

Біздің ойымызша, барлық діни және діни емес топтар өздерін жайлы сезініп, олардың қауіпсіздігіне сенімді болған кезде ғана мемлекет толықтай зайырлы бола алады. Жүргізілген зерттеу қазақстандық қоғамда зайырлылық қағидатын қамтамасыз етуде әлі де проблемалар бар екенін көрсетеді, бірақ олар әлі де сыни ауқымнан алыс екендігін көрсетті. Дегенмен, сенбейтін адамдарға байланысты төзбеушіліктің өсуін тоқтату үшін мемлекет осы салаға ерекше назар аударуы керек. Олар өздерін мемлекет тарапынан кемсітушілікті сезінбесе де, сонымен қатар мемлекеттің оларға қандай да бір көңіл бөлетінін де көрмейді.



«Стратегия» ӘСЗО», 2023 ж. қыркүйегінде орындаған  
«Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм» кітабына

Пікір

Пікір беріп отырған есеп Роза Люксембург Қорының (RLS) қолдауымен Германияның экономикалық келісім мен даму федералдық министрлігінің қаржысы есебінен жүзеге асырылған «Стратегия» ӘСЗО-ның форсайттық әлеуметтік зерттеуінің негізінде жазылған.

Зерттеу тақырыбы сөзсіз өзекті, себебі бұл Қазақстан қоғамының дүниетаным менталдылығының қарқынды өзгеруімен және осы процестің теориялық-әдіснамалық, қолданбалы өлшемдерде де зерттеу жұмыстарының жеткілікті түрде жүргізілмеуімен байланысты. Қазақстандағы қазіргі діни процестің әлеуметтік өлшемдері ғылыми қоғамдастық үшін саналы қажеттілікке айнала қойған жоқ, сарапшылар ортасында тиісті жауабын таппай, саяси мән-недімменгі ойластырылмаған. Сонымен бірге ішінара және қазақ қоғамының аясынан тыс дінді енгізу процесін күштеп енгізуге жағдай жасап, тек қана дүниетанымдық көзқарасының ғана емес, сондай-ақ діндарлықтың/дінсіздіктің теңгерімін бұзуға ықпал ететін саяси сәйкестікті де қайта қарастырудың алғышарттарын құруға мүмкіндік береді.

Зерттеу авторлары зерттеу стратегиясын кәсіби тұрғыда негіздеп отырып, оның ғылыми және практикалық сұранысының жеткілікті түрде кіріктіре білген. Мақсат-міндеттері орынды айқындалған және заманауи әлеуметтік гуманитарлық әдістер (жалпылау, қайта құру, герменевтика, көзбен шолу) кешенін, сондай-ақ SPSS-те жалпы әлеуметтік мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдана отырып, олардың шешіміне қол жеткізе білген.

Теориялық-әдістемелік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, түсіндіру-кіріктіру стратегиялары кәсіби тұрғыда мінсіз құрылған, бұл зерттеуді тез арада оның ұйымдастыру кезеңінен бастап сарапшылар қауымына нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Аналитикалық есеп логикалық бірізді құрылған: Қазақстандағы күрделі жағдайға жіті талдау жасайтын теориялық негізделген тараудан, сондай-ақ зерттеу сипатындағы түсіндірмелі тараулардан тұрады. Стилистикасы, негізгі терминологиялық анықтамалар, зерттеу мақсатының айқындылығы мен алға қойылған міндеттердің шешіміне қол жеткізуі есепті ғылыми критерийлерге сай біртұтас, нанымды, дәлелді зерттеу ретінде қабылдауға себепші болып отыр. Зерттеу нәтижелерін мейлінше толық түсіндіру үшін триангуляция принципі қолданылған, бұл тұжырымдарды толықтай негіздеуге мүмкіндік беріп, олардың айқындылығы мен мәнділігін дәлелдей түседі.

Зерттеудің мәнділігі былайында анықталады:

- өзіндік бастамашылығымен, инновациялығымен, өзектілігімен, дер уақытында орындалуымен,

- діни жағдайды талдаған басқа зерттеулермен салыстырғанда, әдістері мен стратегиялары кешенді құрылған,

- нәтижелерінің құндылығымен (олар бірегей, объективті, ол тек Қазақстанның діни көрінісі туралы жана білімін ғана емес, сонымен қатар қоғамды діншілдендіру процесі жайлы білімін де қалыптастырады),

- жүзеге асырудың барлық кезеңінде (бағдарлама, әдіснамасы, жинақтау мен кіріктіру, мәтін түрінде ұсыну) кәсіби тұрғыда ұсынылған,

- дін әлеуметтануына өз үлесін қосады,

- мемлекеттік институттардың діндар және дінге сенбейтін азаматтармен өзара байланыс жасау саясатын жаңғыртуға себепші болады.

«Қазіргі Қазақстан қалаларындағы атеистер мен атеистік наным-сенімдерді қабылдау: ұрпақ сабақтастығы негізінде» зерттеуі қазіргі Қазақстан қоғамындағы діни ахуал мен діни процесс дамуының күрделі жағдайын талдап, бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл мәселелер – аз уақыт ішінде түсіндіре салатын мәселе емес, бұл зайырлы мемлекет мәртебесін, оның сақтап қалуды немесе одан айрылып қалуды түсіндіретін іргелі мәселелер. Мәселе мынада:

- Теория жүзінде Қазақстанда зайырлылық моделі бар ма және ол әлеуметтік өмір тәжірибесінде қалай іс асады?

- Зайырлылықтың елдік моделі мемлекеттің даму мақсатына, құндылықтары мен нормаларына сәйкес келе ме, ол діндар және дінге сенбейтін азаматтардың мүддесін үйлестіруді қамтамасыз ете ме?

- Қазақстандағы діни процесс дін саласындағы мемлекет саясатының негізгі идеологиясына деген көзқарасты өзгерте ме?

- Құқықтық саланың діни бірлестіктермен өзара байланысын мемлекеттік реттеуге қатысты тұжырымдар қайта қарастыруды талап ете ме?

- Мемлекет пен ДБ, мемлекет пен азаматтардың діни қарым-қатынасын заңды реттеу үшін дін, діндар, атеистер, діни наным-сенім, ой еркіндігі, еркіндік құқығы ұғымдарының қазақ тіліндегі түсіндірмесі қажет пе?

- Қоғамдағы зайырлы/діни өмір контекстінде өзара тепе-теңдік бұзылуының маңызды және әлеуметті қауіпі бар ма?

- Зайырлылық пен діни ұғымдарының теңгерімін іздеу қажет пе?

- Жастарды оң дүниетанымдық көзқарасын әлеуметтендіруде мемлекет мүддесіне баса назар аудара отырып, діни құрылымдармен өзара байланыс орнату үшін тиімді мемлекеттік тәсілдерді әзірлеу қажет пе?

Зерттеу мазмұны зерттеу жүргізілмеген аймақтарды, келелі мәселені кеңейтуді (діндарлар мен дінге сенбейтіндердің «портреті» мен бағдарын әзірлеу, олардың өмір сүру қалпы, әлеуметтік белсенділігі және т.т. маңызды) есепке ала отырып, одан әрі қарай зерттеуді қажет ететінін дәлелдейді.

Есептің толық мәтін түріндегі форматының Қазақстандағы заманауи әлеуметтік процесстерге бей-жай қарамайтын кез келген жанның қызығушылығын оятары сөзсіз. Сондықтан оның жариялануының әлеуметтанушылар, дінтанушылар, саясаттанушылар сынды жас зерттеушілерді оқыту барысында, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді салыстыру үшін септігі тиері анық. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысы бар тұлғаларға зерттеу нәтижелерін таныстырған жөн.

#### **Рецензент:**

философия ғылымдарының докторы,  
профессор

**Е.Е. Бурова**

«Стратегия» ӘСЗО», 2023 ж. қыркүйегінде орындаған  
«Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм» кітабына

Пікір

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» Қоғамдық қорының авторлық ұжымының «Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм» ұсынып отырған «Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм» кітабы Роза Люксембург Қорының (RLS) қолдауымен «Қазіргі Қазақстан қалаларындағы атеистер мен атеистік наным-сенімдерді қабылдау: ұрпақ сабақтастығы негізінде» жобасының аясында жүзеге асырылған әлеуметтік зерттеу нәтижелерін ұсынады.

Аталған жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құрылымы кешегі кеңестік кезеңмен ұштасып жатыр. Қайсар атеизм саясатына негізделген кеңестік идеологияның күйреуі дінге деген асқан қызығушылықты оятып, жаппай дінге бет бурудың артуына ықпал етті. Діни жаңғыру қазіргі Қазақстан қоғамының дүниетанымдық көзқарасын өзгертуге айтарлықтай әсер етті, әлі де ықпал етіп келеді.

Зайырлылық, зайырлы мемлекет пен атеизм ұғымдарына кіріспесінде берілген қазіргі анықтамалар мемлекеттік-конфессияаралық қарым-қатынас салада ұсынылған дискурсивтік тәжірибелерді ескере отырып, азаматтардың ар-ождан еркіндігі құқын жүзеге асыру саясатын құруда, діни саладағы өзекті мәселелердің жалпы кеңістігін құру барысында жоғары сұранысқа ие. Отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарына негізделіп берілген бірқатар ұғымдар қатарын талдау құбылыстың мәнін түсіндіру үшін бағыт-бағдар беруге мүмкіндік беріп, одан әрі зерттеу әдіснамасында қолданылады. Бұл ұғымдармен қатар қазіргі процесстерді толық түсіндіру үшін десекуляризация, постсекуляризм және т.б. сынды ұғымдарды да қарастырған жөн.

Жобаның негіздемесі, өзекті саланы анықтау қоғамда дінге сенбейтіндерге, соның ішінде атеистерге деген көзқарастың өзгеруі; қазіргі Қазақстандағы атеистердің көңіл-күйі; сондай-ақ діни сәйкестендіру мен мемлекеттің зайырлылық принципін өзара байланысы аясында құрылған.

Зерттеудің әдіснамасына сандық және сапалық әдістер жатады. Зерттеу нысаны ретінде қала тұрғындары алынған, республикалық маңызы бар қалаларды, облыс орталықтары мен шағын қалаларды қоса алынып отыр, бұл Қазақстан халқының дүниетанымдық бағытын дамытудың заманауи тенденцияларын бағалау үшін орынды. Бұл тұста шартты түрде алғанда, іріктеуге шығыс және орталық Қазақстан қалалары еңбеген. Бұл пікір дау тудыруы да мүмкін, бірақ зерттеу барысында жергілікті атқарушы билік аймақтық ерекшеліктің барлығын да жиі атап көрсетеді.

«Дін саласындағы саясат: құқық пен қабылдау» деп аталатын бірінші тараудың «Қазақстан Республикасындағы зайырлы мемлекеттік құқықтық негіздері» атты бөлімінде зайырлылық мәртмембесінің заңды құқықтық негіздері толық қарастырылған, кеңестік кезеңнен қазіргіжағдайға дейінгі даму сауаты түрде бақыланған.

Одан әрі тараулар қала тұрғындарының дін саласына, мемлекеттегі зайырлылық принципіне; дін мен атеизмді діни сәйкестендіру мен қабылдау факторларына; халықтың атеистерге деген көзқарасына; сондай-ақ Қазақстан қоғамындағы қазіргі атеистердің «табиғаты» пен «көңіл-күйіне» қатысты, әртүрлі әдістерді қолдана отырып, жүргізілген әлеуметтік зерттеу барысында алынған мәліметтерді жіті талдауға құрылған. Бұл заманауи діни бағыт пен ізденістерді, дүниетанымдық көзқарасы әртүрлі топтар мен бағдардың жай-күйін кеңінен қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл еңбек қазақ қоғамының идеологиялық мәдени өрісінің қазіргі жағдайын зерттеуге елеулі үлес қоса отырып, діни жаңғыру және зайырлылық қағидаттарының мемлекет тарапынан жү-

зеге асыру жағдайында атеизмнің жай-күйі мен оған деген көзқарасты зерттеудегі олқылықтың орнын толтырады.

Меніңше, зерттеу әдістері мен нысанының алуантүрлілігіне қарамастан, мемлекеттік қызметкерлер мен түрлі дін өкілдерінің атеизмге қатысты сараптамалық бағалары мен көзқарастарына да назар аударуға болар еді. Бұл бәлкім мәселенің тағы бір қырын аша түсер еді, өкінішке орай, атеизмге деген теріс көзқарас сонау кеңестік саясаттың қайсар атеизмнің сарқынишағы ғана емес, ондай пікірдің қалыптасуына ой-пікір мен бағдарды қалыптастыру барысындағы көшбасшылардың да рөлінің де әсері бар. Бұл ескерту қандай жағдай болмасын атқарылған жұмыс пен алынған нәтижелердің құндылығын еш жоймайды; ол келесі қажетті зерттеулерде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл кітаптың практикалық мәні жоғары, өйткені оның материалдарын дінтанушы, әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалым-оқытушылар, сондай-ақ мемлекеттік орган өкілдері ақпараттық-түсіндірме және оқу-ағарту жұмыстарын жүргізе отырып, зайырлылық принциптерін сақтаудың негізінде қоғамда үйлесімділік пен теңгерім саясатын одан әрі құру барысында кеңінен қолдана алады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере келе, «Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм» кітабын ресми басылымға ұсынуға әбден лайық деп білемін.

**Рецензент:**

Конфессияаралық және өркениетаралық  
диалогты дамыту жөніндегі

Н.Назарбаев орталығы

Діни зерттеулер департаментінің  
директоры, философия ғылымдарының  
кандидаты

**Р. И. Камарова**

«Стратегия» ӘСЗО» ҚҚ

## Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм

*Компьютерде беттеген және дизайны:  
Абдикерим Әсем Асқарбекқызы*



9|786018|077678|

Қазақстан  
«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы»  
050000, г. АЛМАТЫ, Қонаев көшесі, 135/56  
Тел. +7 (727) 2721383  
[info@ofstrategy.kz](mailto:info@ofstrategy.kz)  
[www.ofstrategy.kz](http://www.ofstrategy.kz)



О С Ш Е С Т О Р Е Н И Я Ф О Н Д  
**СТРАТЕГИЯ**  
ЦЕНТР СОЦИАЛЬНЫХ И ПОЛИТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ